

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ
САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ СӨЗДІГІ

ОТРАСЛЕВОЙ
ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ
ПО НАПРАВЛЕНИЯМ ЛИНГВИСТИКИ

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 80/81'1
КБЖ 81.2-2-923
Л 54

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама 27 маусым 2019 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы **Қ.Қ. Рысберген**
филология ғылымдарының докторы **Ж.Қ. Ибраева**

Құрастырғандар:

Г. Мәдиева, Л. Шәйкенова, М. Мәмбетова,
А. Таусоғарова, С. Бектемірова, А. Досанова,
Д. Мәдиева, И. Әбдіқадір

Жалпы редакциясын басқарған Г.Б. Мәдиева

Л 54 **Лингвистикалық** бағыттағы салалық терминология сөздігі = Отраслевой терминологический словарь по направлениям лингвистики / құраст.: Г. Мәдиева, Л. Шәйкенова, М. Мәмбетова, А. Таусоғарова [және т.б.]; жалпы ред. басқ. Г.Б. Мәдиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 111 б.

ISBN 978-601-04-4300-6

Ұсынылып отырған сөздік – лингвистикалық бағыттар бойынша 2018 жылы жасалған оқу сөздігінің жалғасы. Бұл сөздік жас мамандардың ғылыми-практикалық дайындығын жетілдіруге, терминологиялық базамен танысу арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі. Алғашқы сөздік сияқты бұл оқу сөздігінің мақсаты – Лингвистика, Шет тілі: екі шет тілі, Шетел филологиясы, Филология (қазақ, орыс), Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті және т.б. мамандықтарда білім алатын студенттер мен магистранттардың жалпы лингвистикалық дайындығын тереңдету, лингвистикалық терминологиялық аппаратты меңгерту және білім беру кеңістігінде қолдануды игерту.

**ӘОЖ 80/81'1
КБЖ 81.2-2-923**

ISBN 978-601-04-4300-6

© Құраст.: Мәдиева Г., Шәйкенова Л.,
Мәмбетова М., Таусоғарова А. [және т.б.], 2019
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ	4
ПРЕДИСЛОВИЕ	8
ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫ. ТЕОРИЯ ЯЗЫКОВЫХ КОНТАКТОВ	13
ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИҢДЕРІ. КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ТЕОРИИ ЯЗЫКОВЫХ КОНТАКТОВ.....	15
СӨЙЛЕУ АКТІЛЕР ТЕОРИЯСЫ. ТЕОРИЯ РЕЧЕВЫХ АКТОВ ...	37
СӨЙЛЕУ АКТІЛЕР ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИҢДЕРІ. КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ТЕОРИИ РЕЧЕВЫХ АКТОВ	39
ҚҰЖАТТЫҚ ЛИНГВИСТИКА. ДОКУМЕНТНАЯ ЛИНГВИСТИКА	51
ҚҰЖАТТЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИҢДЕРІ. КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ДОКУМЕНТНОЙ ЛИНГВИСТИКИ.....	53
ТІЛ, ОЙЛАУ, ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТ. ЯЗЫК, МЫШЛЕНИЕ, НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕНТАЛИТЕТ	61
«ТІЛ, ОЙЛАУ, ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТ» ПӘНІНІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИҢДЕРІ. КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ДИСЦИПЛИНЫ «ЯЗЫК, МЫШЛЕНИЕ, НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕНТАЛИТЕТ» ...	64
ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ. ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ.....	86
ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИҢДЕРІ. ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ЛИНГВО-КУЛЬТУРОЛОГИИ.....	87
ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕНҒЕРУ ТЕОРИЯСЫ. ТЕОРИЯ УСВОЕНИЯ ВТОРОГО ЯЗЫКА	92
ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕНҒЕРУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИҢДЕРІ. ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ТЕОРИИ УСВОЕНИЯ ВТОРОГО ЯЗЫКА	94
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	110

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл басылым – 2018 жылы шыққан Лингвистика бағыттары бойынша салалық терминологиялық сөздіктің жалғасы. Бұл сөздікті құрастыру идеясы болашақ филолог мамандар үшін маңызды болып саналатын қазіргі тіл білімінің классикалық және жаңа бағыттарының терминологиялық аппаратын көрсету қажеттілігінен туындады. Сөздіктің біріншісіне тіл теориясы, когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық қарым-қатынас, ақпараттық технология, сот-лингвистикалық сараптама, түркі филологиясы, корпустық лингвистика, ономастика, лингвистикалық типология секілді бағыттардың базалық (ядролық, негізгі) терминдері енгізілді.

Қазіргі жоғары мектеп маманының білім деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барлық мамандықтар, соның ішінде филология бойынша студенттерді, магистранттар мен докторанттарды оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалануды талап етеді. Егер бұған дейін ЖОО пәндерін оқытудағы басты мақсат білім алушыларға белгілі бір білім беруге ұмтылу болса, қазіргі уақытта «білім беру үдерісі жастарға тек білім ғана емес, әлеуметтік бейімделуде сол білімді пайдалана білуді де үйрету керек»¹. Бұл жағдай білім беруді әлемдік, жаһандық масштабта сипаттайды.

Білім берудің орталықтандырылған жүйесінде мамандарды дайындаудың маңызды межелері төмендегідей:

- жақсы іргелі дайындық;
- кәсіби қызметке шынайы немесе шындыққа негізделген жағдайларда практикалық тұрғыдан дайындау;
- дүниетанымдық қасиеттерін қалыптастыру;
- ғылым мен техниканың және өндірістің барлық бағыттары бойынша кадрларды даярлауды жүзеге асыру қабілеттілігі;

¹Послание Президента народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана», 27 января 2012 г. // <http://el.kz/m/articles/view/%D0>

- мамандарды даярлаудың көлемділігі;
- қоғам үшін пайдалы тұлғаны тәрбиелеу;
- өндірістегі, басқару құрылымдарындағы, әлеуметтік салалардағы жұмыстар үшін жоғары білімді маман ретінде түлектерді дайындау².

Осы аталған кәсіби және әлеуметтік бағдардағы межелер өзекті, алайда экономикалық, мәдени, әлеуметтік және коммуникативтік-ақпараттық кеңістікте айтарлықтай жаңа жетістіктермен айрықшалаанады.

Жаңа технологиялардың, атап айтқанда, ғаламтор жүйесінің, мобильді байланыстардың дамуы және т.б. арқасында ақпаратты алудың жылдамдығы өте жоғары.

Сонымен қатар қазіргі қоғамға мынадай белгілер тән: адамның барлық қызмет салаларындағы жоғары дәрежелі технологиялану, зияткерлік технологияның қарқынды дамуы, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, халықаралық масштабтағы жаһандану, білім беру, ғылым және өндірістің интеграциялануы, білімнің түрлі салаларының интеграциялануы, бұл өз кезеңінде ғылым мен экономиканың деңгейін айтарлықтай жоғары дәрежеге көтеретін жобаларды әзірлеуді қажет етеді. Әлемде адасып қалмай, компьютерлік сауаттылықты меңгеру, тек өз білімі үшін ғана емес, шынайы диалог үшін шетел тілдерін білу, мәдениетаралық контекстегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларын меңгеру – қазір әрбір адамның алдында тұрған міндеттер. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесінің алдына тек жүйелі, пәндік-мамандық құзыреттіліктерге ие жоғары кәсіби маманды даярлау ғана емес, маманның кәсіби коммуникация, ғылыми-зерттеу практикасы үшін қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру міндеті де қойылып отыр.

Елбасының Қазақстан халқына жасаған Жолдауында көрсетілгендей, жастардың алдына қойылып отырған шынайы міндеттермен сабақтасып жатыр: «жас кәсіби мамандар елімізде орын алып жатқан үдерістерден өз орнын табуы керек,

²<http://www.rae.ru/monographs/235-7180>

болашақты құруға белсенді түрде қатысуы тиіс»³. Осыған байланысты жоғары мектептегі оқу үдерісі мен педагогикалық қызмет қазіргі қоғамда сұранысқа ие мамандарды, жоғары кәсібилікке, жоғары мәдениеттілікке және толеранттылыққа ие тұлғаны тәрбиелейтін және шығаратын оқытушылар құрамының жоғары дәрежелі дайындығымен ерекшеленуі керек. Сонымен қатар білім алушылар да сондай болуға дайын болуы тиіс, яғни бұл үдеріс – векторлық бағыт бойынша өзара екі жақты бірдей.

Қазіргі білім беруде педагогтің де, студенттің де қызметі көбінесе продуктивті, яғни өнімді сипатқа ие. Көптеген мәселелерді (шамамен 80 %) студент өз бетінше игереді. Ең алдымен «қажетті нәтижеге қол жеткізу» ұстанымы – маңызды, яғни «нәтижеге бағдарлап оқыту» тезисі негізгі болып саналады.

Осыған байланысты, қазіргі кезеңде ғылым мен білім беруде лингвистикалық бағыттағы белсенді пайдаланылатын терминологиялық және ұғымдық аппаратты да игеру – маңызды.

Мемлекеттік даму саясатының қазіргі бағдары – бірнеше бағдарламалық құжаттар болады, солардың бірі – «Цифрлы Қазақстан». Білім беру технологиялары жайындағы мәселелер түрлі ғылым салалары бойынша қазақстандық ғалым-оқытушылардың назарында болып келеді. Бұл аталмыш Сөздіктің бағытын айқындады, онда лингвистиканың өзекті бағыттарының ұғымдары мен терминдері көрініс тапқан. Оқытудың түрлі деңгейлеріндегі (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру траекториясына әр жылдарда қазақ және орыс тілдерінде *Тіл біліміне кіріспе, Тіл теориясы, Когнитивтік лингвистика, Сот-лингвистикалық сараптама, Мәдениетаралық қарым-қатынас, Мамандықты компьютерлік оқыту, Шет тілін оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, Іс қағаздарын компьютерлендіру әдістері, Лингвистикадағы ақпараттық технологиялар*, сонымен

³Послание Президента народу Казахстана «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики». – Астана, 6 февраля 2008 г. // <http://el.kz/m/articles/view/%D0>

қатар *Тілдік қатынас теориясы, Сөйлеу актілері теориясы, Құжаттық лингвистика, Тіл, ойлау, ұлттық менталитет, Тіл, сана, ұлттық менталитет, Психолінгвистика, Жас ерекшелік психолінгвистикасы* секілді пәндердің енгізілгендігі бұл бағыттардың сипаты мен ерекшеліктерін айқындайды. Әрине, бұл пәндердің метатілі әртүрлі лингвистикалық пәндердің метатіліне негізделген білім беру үдерісінің терминдері мен ұғымдарын белгілі бір дәрежеде қамтиды. Бұл метатіл өз кезегінде орысша-қазақша, қазақша-орысша бір немесе екі тілді оқу сөздігі түріндегі лексикографиялық сипаттаманы қажет етеді, себебі аталған пәндер негізінен қазақ және орыс тілдерінде оқытылады. Аталған фактілер және оқыту тәжірибесі білім беру технологиялары бойынша екітілді сөздіктерді әзірлеудің маңыздылығын көрсетіп отыр, бұл үшін білім беру бойынша терминологияны жүйелеу, стандарттау, ретке келтіру және лексикографиялық сипаттама беру міндеті қойылады. Осы оқу сөздігі аталған лингвистика салаларында жас мамандардың ғылыми-практикалық дайындығын жетілдіруге, терминологиялық базамен танысу арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі.

Оқу сөздігінің мақсаты – *Лингвистика, Шет тілі: екі шет тілі, Шетел филологиясы, Филология (қазақ, орыс), Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті* және т.б. мамандықтарда білім алатын жалпы лингвистикалық дайындығын тереңдету мен оларға терминологиялық аппаратты меңгерту және оларды білім беру кеңістігінде қолдануды игерту. Сөздікте әр пәннің мақсаты, міндеттері, оқу барысында студенттерде қалыптасатын құзыреттіліктер көрсетілген. Сөздік оқылатын пән негізінде терминдер қазақша, қазақша-орысша, орысша-қазақша немесе орысша берілген.

Осы оқу сөздігінің оқытушылар үшін де пайдалы болары сөзсіз.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Настоящее издание является продолжением Отраслевого терминологического словаря по направлениям лингвистики, изданного в 2018 г. Идея создания предыдущего словаря была продиктована необходимостью представить терминологический аппарат как классических, так и новых направлений современной лингвистики, изучение которых важно для будущих специалистов-филологов. В предыдущем словаре вошли базовые (ядерные, ключевые) термины таких направлений, как теория языка, когнитивная лингвистика, межкультурная коммуникация, информационные технологии, судебно-лингвистическая экспертиза, тюркская филология, корпусная лингвистика, ономастика, лингвистическая типология.

Во введении словаря было отмечено, что уровень образования и формирования конкурентоспособного специалиста в современной высшей школе требует использования новых подходов в обучении студентов, магистрантов и докторантов всех специальностей, в том числе филологических. Если ранее приоритетной целью в преподавании вузовских дисциплин являлось стремление дать обучающимся определенные знания, то в настоящее время «образование должно давать молодежи не только знания, но и умение их использовать в процессе социальной адаптации»⁴. Это положение характеризует образовательные системы в мировом, глобальном масштабе.

Как известно, важными критериями подготовки специалиста являются:

- хорошая фундаментальная подготовка;
- практическая готовность к профессиональной деятельности в реальных условиях или условиях, приближенных к реальным;

⁴Послание Президента народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана», 27 января 2012 г. // <http://el.kz/m/articles/view/%D0>

- формирование мировоззренческих установок;
- способность осуществлять подготовку кадров практически по всем направлениям науки, техники и производства;
- масштабность подготовки специалистов;
- воспитание личности, полезной для общества;
- готовность выпускника в качестве специалиста с высшим образованием к работе на производстве, в структурах управления, в социальной сфере⁵.

Эти профессионально и социально ориентированные критерии актуальны в связи с существенно новыми достижениями в экономическом, культурном, социальном и коммуникативно-информационном пространстве общества.

Важными составляющими такого общества являются информация и знания, ориентированные на результат⁶. Скорость получения информации очень высока благодаря новым технологиям: развитию сети Интернет, мобильной связи и информационных технологий.

Помимо всего, современному обществу присущи такие признаки, как: высокая степень технологизации практически всех отраслей жизнедеятельности человека, мощное развитие интеллектуальной технологии, расширение информационного пространства, глобализация в международном масштабе, интеграция образования, науки и производства, интеграция различных отраслей знания, обусловленных необходимостью разработки прорывных проектов, поднимающих уровень науки и экономики на более высокую ступень. Получить соответствующие компетенции, необходимые для полноценного функционирования в этом мире, овладеть компьютерной грамотностью, знать иностранные языки не только для собственно знания, но для реального диалога, владеть стратегиями и тактиками общения в межкультурном контексте –

⁵<http://www.rae.ru/monographs/235-7180>

⁶<http://www.morepc.ru/dict/>

задачи, которые стоят перед каждым современным человеком. По этим причинам перед образовательной системой ставятся архиважные задачи не только подготовить высокопрофессионального специалиста, обладающего системными, предметно-специализированными компетенциями, но и вместе с ними сформировать у него необходимые компетенции в профессиональной коммуникации, в научно-исследовательской практике.

Как отмечено в Послании Первого Президента народу Казахстана, перед молодежью ставятся реальные задачи: «Молодые профессионалы должны найти свое место в происходящих в стране процессах, принять самое активное участие в строительстве будущего»⁷. В этих условиях учебный процесс и педагогическая деятельность в высшей школе должны отличаться высокой степенью подготовленности преподавательского состава к воспитанию и выпуску востребованных в нашем обществе специалистов, высококультурных и толерантных личностей. Вместе с тем сами обучающиеся должны быть готовы стать таковыми, т.е. этот процесс является обоюдным, по векторному направлению взаимный.

В современном образовании деятельность и педагога, и студента в большинстве своем характеризуется как продуктивная. Многие вопросы (почти 80%) студент изучает самостоятельно. Основным является тезис «обучение, ориентированное на результат».

Помимо этого, произошла всесторонняя информатизация общества, которую характеризует существенная особенность, выражающаяся в сборе, накоплении, обработке, хранении, передаче, использовании, продуцировании информации на основе современной вычислительной техники и в результате ис-

⁷Послание Президента народу Казахстана «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики». – Астана, 6 февраля 2008 г. // <http://el.kz/m/articles/view/%D0>

пользования различных средств информационного взаимодействия. Современным ориентиром государственной программы развития служат несколько программных документов, один из которых – «Цифровой Казахстан». В связи с этим становится очевидной необходимость владения терминологическим и понятийным аппаратом разных направлений лингвистики, который активно используется в науке и образовании на современном этапе.

Проблемы образовательных технологий являются предметом внимания многих ученых-преподавателей Казахстана разных научных областей. Это определило и содержание предлагаемого словаря, в котором представлены понятия и термины актуальных направлений лингвистики. Характер и специфика этих направлений обусловили тот факт, что в образовательную траекторию на разных уровнях обучения (бакалавриат, магистратура, докторантура) в разные годы включены такие дисциплины, как *Введение в языкознание, Теория языка, Когнитивная лингвистика, Судебно-лингвистическая экспертиза, Межкультурная коммуникация, Компьютерное обучение специальности, Использование новых информационно-коммуникационных технологий в обучении иностранному языку, Методы компьютеризации делопроизводства, Информационные технологии в лингвистике* (ставшие предметом 1-го тома «Отраслевого терминологического словаря по направлениям лингвистики»). Предметом предлагаемого 2-го тома словаря стали дисциплины, в рамках которых изучаются не менее важные направления современной лингвистики: *Теория языковых контактов, Теория речевых актов, Документная лингвистика, Язык, мышление, национальный менталитет; Язык, сознание, национальный менталитет; Психолингвистика, Возрастная психолингвистика* и др. на казахском и русском языках. Естественно, что метаязык этих дисциплин в той или иной степени включает термины и понятия образовательного процесса, основанного на метаязыке соответствующих направлений

лингвистики. Метаязык любой отрасли, в свою очередь, требует лексикографического описания в виде казахского, русского, русско-казахского, казахско-русского одно- и двуязычных учебных словарей, т.к. названные дисциплины читаются, в основном, на казахском и русском языках. Этот факт и опыт преподавания показали важность разработки одно-, двуязычных учебных словарей, в задачи которых входят систематизация, кодификация, приведение в соответствие лексикографическое описание учебной терминологии.

Настоящий учебный словарь призван помочь сориентироваться в метаязыке направлений лингвистики, формированию у молодых специалистов профессиональной компетенции путем ознакомления с базовой терминологией.

Цель настоящего учебного словаря – углубление общелингвистической подготовки студентов, магистрантов, докторантов, обучающихся на специальностях «Лингвистика», «Иностранный язык: два иностранных языка», «Иностранная филология», «Филология» (казахская, русская), «Казахский язык и литература», «Русский язык и литература» и др. В словаре по каждому направлению представлены фрагменты силлабусов, в которых определены цель, задачи и формируемые у студентов компетенции. В соответствии с языком обучения в словарь включены термины на казахском и русском языках.

Словарь будет полезен и преподавателям, которые читают эти дисциплины.

ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫ

ТЕОРИЯ ЯЗЫКОВЫХ КОНТАКТОВ

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Тілдік қатынас» пәні – студенттерге дүниежүзі тілдерінің өзара байланысы нәтижесінде туындайтын әртүрлі тілдік құбылыстар мен өзгерістердің пайда болу себептерін түсіндіретін, қостілділік, көптілділік, пиджин, креол тілдері туралы жан-жақты ақпарат беретін қызықты пән. «Тілдік қатынас» пәні студенттерге тілдік қатынас теориясының негізгі ұғымдық-терминологиялық аппаратын меңгертуді көздей отырып, тілдік қатынас теориясының лингвистикалық пәндер арасында алатын орнын айқындайды.

Пәннің мақсаты: «Тілдік қатынас» курсының мақсаты географиялық, тарихи және әлеуметтік жағдайлардың салдарынан екі немесе одан да көп тілдердің өзара ықпалдасуы нәтижесінде тілдердің құрылымы мен сөздік құрамына әсер ететін ерекше үдеріс жайлы студенттердің лингвистикалық білімін қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

- тілдік қатынастың негізгі экстралингвистикалық факторларын жіктеу;
- тілдік қатынас нәтижелерін түрлі тілдердің тілдік қабаттарындағы кірме сөздер, құрылымдық өзгерістері тұрғысынан меңгерту;
 - қостілділікті тілдік қатынас факторы ретінде сипаттау;
 - қостілділіктің лингвистикалық, әлеуметтік, психолінгвистикалық аспектілерін меңгерту;
- тілдік қатынас барысында пайда болатын пиджин, креол тілдері туралы түсінік қалыптастыру және т.б.

Аталған пәнді оқу нәтижесінде студент:

- ✓ пәннің зерттеу нысандарын, тілдік қатынастың негізгі факторларын және тілдік қатынас нәтижелерінің түрлі тілдердің сөздік қорындағы, құрылымындағы көріністерін;

- ✓ қостілділік жағдайындағы тілдік қатынастың әлеуметтік лингвистикалық сипаттарын;
- ✓ қостілділіктің психолінгвистикалық және лингвистикалық сипатын;
- ✓ Қазақстандағы қазіргі тілдік қатынас жағдайларын;
- ✓ тілдік қатынастың тілдердің конвергентті дамуы теориясымен байланысын;
- ✓ тілдік қатынас барысындағы ана тілінің орнын білуі тиіс.

ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ТЕОРИИ ЯЗЫКОВЫХ КОНТАКТОВ

А

АДСТРАТ (лат. *ad* жанындағы, маңайындағы + *stratum* қабат) (ағыл. *adstrate*) – ұзақ мерзім бойында, жаппай және қарқынды өзара ықпал жағдайында бір тілдің екінші тілге әсерінен (*Тілдік қатынастан*) туындайтын белгілердің, қасиеттер мен сипаттардың жиынтығы. Адстрат – *Субстратқа*, *Суперстратқа* қарама-қарсы түсінік. Адстрат жағдайында *Ықпал* және бір тілдің басқа тілге сіңісіп кету үдерісі жүрмейді, мыс., IX–XI ғасырлардағы скандинав тілдерінің ағылшын тіліне әсері шекаралық *Ареалдарда* белорус-литва тілдерінің бір-біріне ықпалы. Терминді итальян лингвисті М.Дж. Бартоли ұсынған.

АЖАЛДЫ ТІЛ (ағыл. *moribund language*) – *Жоғалу жолындағы тіл* ұғымымен бірдей.

АКЦЕНТ (лат. *accentus* дауысты жоғарылату, екпін) ағыл. *accent* – 1. Екпін (әр алуан суперсегменттерді пайдалана отырып, буынды, сөзді, фразаны ажыратып жеткізу). 2. *Екінші тілде* белгілі бір ерекшеліктермен сөйлеу (ағылшын тілінде сөйлеген кезде қазақ тілінің табиғи сипаттарының немесе қазақ тілінде сөйлеген кезде ағылшын тілінің артикуляциялық дағдысының байқалуы – қазақша акцент, ағылшынша акцент), бұл ретте *Ана тілінің* артикуляциялық дағдылары еріксіз көрініс табады, фонетикалық деңгейде *Интерференция* байқалады. Акцент бір тілдің өз ішінде де болуы мүмкін (диалектілік акцент), мыс., Қазақстанның кейбір жерлерінде [ш] дыбысының орнына [ч] дыбысы айтылады; солтүстік өңірдегі орыс ұлтының тілінде [о] дыбысы жиі қолданылады. Дыбыс-

тардың айтылуында, екпін мен интонацияда, сөз ырғағында акцент айқын аңғарылады.

АМБИЛИНГВ (лат. *ambi* екіжақтылық, қосарлылық + *lingua* тіл, ағыл. *ambilingual*) – екі немесе бірнеше тілдерді тең дәрежеде меңгерген *Қостілді адам*.

АМБИЛИНГВИЗМ (лат. *ambi* екіжақтылық, қосарлылық + *lingua* тіл + -изм, ағыл. *ambilingualism*) – *Қостілділіктің* бір түрі; *Қостілді адамның* екі тілді тең дәрежеде білуі; бір тілде сөйлеген кезде *Сөйлеу іс-әрекетінің* барлық түрінде де екінші тілдің ешбір белгісі байқалмайтындай деңгейде екі тілді меңгеру. Амбилингвизм өте сирек ұшырасады, қостілді адамдардың көпшілігі үшін меңгерілген тілдің бірі негізгі (*Бірінші тіл, Ана тілі, Басым тіл*) болып, ал екіншісі *Екінші тіл* болып саналады.

АНА ТІЛІ (ағыл. *mother tongue*) – 1. Ересектердің тіліне еліктей отырып, баланың сәби шақта саналы емес түрде меңгерген тілі; адамның есейген шағында пайдалану дағдылары сақталуы немесе жоғалуы мүмкін. Ана тілі *Бірінші тіл, Екінші тіл, Басым тіл* бола алады. 2. Кез келген халықтың *Тілдік санасында* маңызды орын алатын, «өзімдікі» және «бөгде» деген ұғымдарды ажырататын менталды *Стереотиптердің* іс-әрекетіне байланысты этноспен *Сәйкестілік тілі*.

АПОСТЕРИОР ТІЛДЕР (лат. *a posteriori* кейінгіден) – *Табиғи Тілдердің* моделі бойынша латын, грек, герман, роман, славян және т.б. тілдердің лексикасы негізінде жасалған халықаралық *Жасанды тілдер*. Апостериор тілдер табиғи тілдерден лексикалық және грамматикалық элементтерді ала отырып, оларды өзіндік, дербес құрылымдық қағидалар мен заңдарға бағындырады. Апостериор тілдер *Априор тілдерге* қарама-қарсы болып саналады.

АПРИОР ТІЛДЕР (лат. *a priori* алдыңғыдан) – *Табиғи тілдерге тәуелсіз* түрде жасалған *Жасанды тілдер*. Априор тілдер мағына мен сөз арасындағы қарым-қатынастардың өзіндік уәждемесіне немесе түсініктердің логикалық тұрғыдан тұтас-

тырылуына сүйенеді. Априор тілдер *Апостериор тілдерге* қарама-қарсы болып саналады.

АРАЛАС ТІЛ (ағыл. *mixed, hybrid language*) – байланыс тілі, «будан» тіл, *Креол тілдер; Өткінші тіл*, көптілді қоғамда пайда болатын және лексикалық құрамы, синтаксистік-морфологиялық жүйесі көптектілігі арқылы сипатталатын тіл; мыс., украиндық *Суржик*; белорустық *Трасянка*; әр алуан *Пиджин тілдер*, креол тілдер және т.б.

АРЕАЛ (лат. *area* алаң, кеңістік) ағылш. *area* – тілдердің нақты фактісінің жиынтығы немесе осы фактінің таралу аумағы; нақты бір тіл немесе *Тіл-жарыспа* таралған аймақ.

АРЕАЛ ЛИНГВИСТИКАСЫ (лат. *area* алаң, кеңістік, фр. *Linguistics*) – тілдік құбылыстардың аумақтық таралуын зерттеу, *Изоглоссаларды* тіркеу және түсіндіру, тілдердің, *Диалектілер* мен *Тілдік одақтардың* өзара ықпалдарының *Ареалдарын* анықтау, тіларалық және диалектіаралық өзара әрекетті сипаттау мақсатында итальян неолингвистикасының, *Лингвистикалық географияның*, *Диалектологияның* идеяларын, *Тілдік қатынастар* теориясын ұштастырған *Тіл білімінің* бір тармағы. Ареал лингвистикасы аталымын М.Дж. Бартоли (1925) және Дж. Видосси (1943) енгізді.

АФРИКААНС – Креол тілдерінің бірі (кейбір мәліметтер бойынша, пиджин тіл); XVII ғ. Голландиядан Оңтүстік Африкаға қоныс аударушылардың тілі, яғни нидерланд, неміс, ағылшын, француз диалектілері, сондай-ақ негізгі тұрғындардың тілдері (готентот, банту, бушмен), теңізшілер мен құлдардың креол малай-португал тілінің негізінде дамыған. Қазіргі кезде Оңтүстік Африка республикасындағы ақ нәсілділердің жартысына жуығы және аралас тілді тұрғындардың көп бөлігі африкаанс тілінде сөйлейді.

Ә

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ (ағыл. *languages of the world*) – Жер бетінде өмір сүретін *Табиғи тілдер*, идиоэтникалық тілдер, *Этностар-*

дың *Ана тілдері*. Әлем тілдерінің саны шамамен екі жарым мыңнан жеті мыңға дейін, әлем тілдерінің санына байланысты елеулі айырмашылықтар тек лингвистикалық қана емес, сонымен қатар мәдени, саяси, діни, әдеби және т.б. себептер арқылы түсіндіріледі: 1) зерттелмеген, картаға түспеген жаңа жерлер мен елдердің болуы; 2) әлем тілдерінің барлығының да бірдей атауы жоқ (*Лингвоним, Этноним*); сондай-ақ бір тілге бір ғана атау сәйкес келе бермейді; 3) *Тілдер* мен *Диалектілерді* ажыратуда туындайтын қиындықтар бар; 4) *Пиджин* мен *Креол* тілдерді есептеудің де қиындықтары кездеседі; 5) әртекті *Жасанды тілдерді* (*Қосалқы тілдер II, Ақпараттық тілдер, Халықаралық тілдер*), *Діни тілдерді* (көне славян, копт тілдері және т.б.) әлем тілдеріне жатқызу мәселесі де шешілген жоқ; 6) *Ым-ишара тілін* де әлем тілдері деп жіктеу қиындыққа соғады, оны есту қабілеті төмен адамдармен қатар қалыпты түрде еститін адамдар да пайдаланатыны белгілі. Мыс., Финляндияда ым-ишара тілі *Негізгі тілдер* санатына енгізілген; 7) әр алуан *Социолектілерді, Арго* мен *Жаргондарды* әлем тілдері қатарына қосу талас тудырады; 8) *Өлі тілдерді* анықтаудың айқын межелері жоқ.

ӘЛЕМДІК ТІЛ (ағыл. *international, global language*) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Ресми тіл және Жұмыс тілі мәртебесіне ие тіл: ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдері. Әлем тіл мәртебесі бар тілдің коммуникативтік дәрежесі де жоғарылап, бекітіле түседі; бұндай тіл Ұлттық тіл, Ұлтаралық тіл, этносаралық тіл шекарасына шығып, әлем тіл тобына енеді.

Б

БАЙЫРҒЫ СӨЗ (ағыл. *vernacular word*) – бастапқы лексикалық мағынасы сақталған, нақты бір *Тілдің* негізгі сөзі.

БАЛҚАНТАНУ – Лингвистикалық балқантану (Балқан тіл білімі), балқан тілдер бірлестігіне кіретін тілдердің тарихи, типологиялық және ареалдық тұрғыдан ортақ белгілері

мен дамуындағы тенденцияларын зерттейді. Балқан тілдеріне әртүрлі генетикалық сипаттағы тілдер жатады: *Славян тілдері* – Болгар, Македон, Серб, Хорват, Словен; албан тілдері; жаңа грек тілі; Роман тілдер тобы – румын, молдаван, сефард; герман тобы – солтүстік Трансильваниядағы *Неміс тілі*; Үндіария тобы – цыган тілі; фин-угор-венгр тілі; *Түркі тілдері* – Түрік, Гагауз. Балқантану ХІХ ғ. пайда болды (В. Копитар, А. Шлейхер, Ф. Миклошич, Г. Мейер т.б.), Балқантану ХХ ғ. К. Сандфельд, А. Селищев еңбектерінде дамытылды. Атақты ғалым Н.С. Трубецкой негізін салған тіл біліміндегі жаңа дәуір – *Тілдік одақ* теориясында әрі қарай дамытылды. Бұл көзқарасты жақтаушы ғалымдар: Х.Л. Клагстад, Г. Райхенкрон, В. Георгиев, В.П. Нерознак, Б. Гавранек, сонымен қатар Г. Бирнбаум, П. Ивич т.б. еңбектерінде жалғасын тапты.

БАЛҚАН ТІЛДІК ОДАҒЫ – Оңтүстік Шығыс Европадағы тілдер жиынтығынан құрылған тілдік бірліктің ерекше түрі. Ұзақ жылдар бойы қатар өмір сүріп араласудың нәтижесінде бұл тілдерде ортақ құрылымдық-типологиялық ұқсастықтар да кездеседі. Балқан тілдік одағына әртүрлі генетикалық семьяларға жататын тілдері енеді: болг., македон, серб., хорв., румын, молд., алб., жаңа грек тілдері жатады. Б.т.о. кіретін тілдердің ортақ қасиеттері: экспираторлы *Екпін*, дауыстылардың саны бірдей (тек болг., македон., серб., хорв. Тілдерінен басқа), дауыстылардың айтылу тоны (әуені) бірдей, роман, жаңа грек, кейбір македон *Диалектілерінде* дауыссыздардың жұмсарып айтылуы, ілік және барыс *Септіктерінің*, *Белгілі және Белгісіздік категориялардың*, постпозитивті *Артикльдердің*, *Сын есімдердің* аналитикалық шырайлардың, Сан есімнің 11-ден 19-ға дейінгі локативті типпен жасалуы, аналитикалық келер шақтың болуы т.с.с. Балқан тілдік одағы кіретін тілдердің құрамында лексикалық ортақтықтар көптеп саналады. Балқан тілдік одағы – *Тілдердің конвергентті дамуының* айқын көрінісі.

БУДАН ТІЛ (лат. *hibrida* аралас, ағыл. *hybrid, creolezed*) – Аралас тілдер атауының бірі, тілдердің араласуы нәтижесінде пайда болатын тілдер.

БАСЫМ ТІЛ (ағыл. *dominant language*) – 1. Әлеуметтік тұрғыдан басым топтың тілі. 2. Нақты бір тілдік мәнмәтінде коммуникативтік қуаттылығы айрықша жоғары тіл.

БИЛИНГВ (лат. *bi...* екі (ден) + *lingua* тіл, ағыл. *bilingual*) – қостілді адам ұғымымен бірдей.

БИЛИНГВИЗМ (лат. *bi...* екі (ден) + *lingua* тіл, ағыл. *Bilingualism*) – Қостілділік, Полилингвизм ұғымдарымен бірдей.

БӨГДЕ СӨЗ (ағыл. *insertion*) – шетел тілінің сөзі; әдетте, сөйлеуде өзінің «бөгделігін» анық байқатып тұрады; *Кодтардың алмасуы кезінде, Тілдердің араласуында, Қостілді адамның, Біртілді адамның* сөйлеуінде өзгеріссіз жұмсалады.

БІРТІЛДІ АДАМ (ағыл. *monolingual*) – Монолингв ұғымымен бірдей; бір тілді меңгерген адам.

БІРТІЛДІ ҚАУЫМДАСТЫҚ (ағыл. *monolingual community*) – бір тілді пайдаланатын *тілдік қауымдастық*.

БІРТІЛДІЛІК (ағыл. *monolingualism*) – қоғамның немесе жеке адамның бір тілді меңгеруі және қолдануы.

БІРІНШІ ТІЛ (ағыл. *first language*) – 1. *Қостілді адамның* тілдерді дербес тұрғыдан меңгерген мерзімі бойынша бірінші тіл. 2. Функционалдық тұрғыдан бастапқы (артықшылық берілетін) *Үстем тіл*.

В

ВАРВАРИЗМ (грек. *barbaros* бөгде; жатжерлік, ағыл. *barbarism*) – тілді пайдаланушылардың тілінде ұдайы қолданылатын, алайда тілдің лексикалық құрамына енбеген, фонетикалық тұрғыдан бейімделген, тілді пайдаланушылар бөгде сөз деп танитын, өзге тіл сөзі немесе сөз тіркесі. Мыс., ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын *‘значит, давай, мешать эту, дворга шығу’* қазақ тілі үшін варваризмдер болып саналады.

ВОЛАПЮК (ағыл. *volapük* деген сөзден бұрмаланған *world* > *vol* әлем + *speak* > *pük* сөйлеу) – аралас априор-апостериорлы типтегі халықаралық *Жасанды тіл*. Волапюкті И.М. Шлейер 1879 ж. құрастырған. Волапюк лексикасы – негізінен, ағылшын тілінен, сондай-ақ неміс, француз және латын тілдерінен алынған, түрқы өзгертілген (бұрмаланған) сөздер; орфографиялық емлесінде фонетикалық ұстаным игеріледі; грамматикалық құрылымына күрделі сипат тән; етістік және есім грамматикалық категориялары жиі қолданылады. Волапюк кең таралымға ие бола алмады.

Г

ГЕТЕРОГЕН ТІЛДЕР (грек. *hetero* басқа + *genes* біртекті емес, ағыл. *heterogeneous languages*) – туыстас емес, сондықтан бір-біріне ұқсамайтын тілдер. Мыс., қазақ тілі (түркі тілі) және орыс тілі (славян тілі) гетерогенді тілдер ретінде жіктеледі.

ГОМОГЕН ТІЛДЕР (грек. *homos* тең, біртекті, бірдей + *genos* тек, пайда болу, ағыл. *homogeneous languages*) – туыстас, сондықтан құрылымы ұқсас тілдер. Мыс., түркі тілдеріне жататын қазақ және қырғыз тілдері – гомоген тілдер.

Д

ДӘНЕКЕР ТІЛ (ағыл. *mediator language*) – екі немесе одан да көп *Этникалық топтардың* қарым-қатынасы үшін пайдаланылатын тіл, бірақ бұл ретте тілдердің ешқайсысы да *Ана тілі* мәртебесінде емес. Макродәнекер тіл (ол атқаратын қоғамдық қызмет саны жағынан барынша ауқымды) және микродәнекер тіл (бір немесе бірнеше қоғамдық қызмет атқарады және жекелеген әлеуметтік топтарға қызмет етеді) деген түрлерге бөлінеді (А.Е. Карлинский, М.М. Михайлов, В.А. Чернышев). Дәнекер тілге феодалды Еуропадағы латын, Латын Америкасындағы отарлау кезеңіндегі испан тілі мысал бола алады.

ДИАЛЕКТ (грек. *dialektos* – әңгіме, жергілікті сөйленіс, ағыл. *dialect*) – аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізгі құралы болатын тіл.

ДИАЛЕКТИЛЕР ТЕҢДЕСУІ (грек. *dialektos* – әңгіме, жергілікті сөйленіс, ағыл. *dialect leveling*) – урбандану *Миграция* жағдайында, *Тілдік қатынасқа* қатысатын *Диалектілердің* жиі қолданылатын, ортақ нысандарын сақтау нәтижесі байқалатын үдеріс.

ДИВЕРГЕНЦИЯ (лат. *divergo* ауытқимын, алшақтаймын, ағыл. *divergence, divergent evolution*) – 1. Тілдік бірліктердің *Жарыспалылық* сипатын айқындайтын алғышарттардың шеттетілуіне (жойылуына) байланысты тілдік бірлік жарыспаларының дербес тілдік бірлікке айналуы. 2. Тілдердің глоттогониялық дамуы, *Тілдердің дивергентті дамуы*.

ДИГЛОССИЯ (грек. *di* екі мәрте + *glossa* тіл, ағыл. *diglossia*) – бір *Ұлттық тілдің*, яки *Стандарт тілдің* әртүрлі ішкі жүйесін меңгеру және меңгерілген жүйені ішкі жағдаятқа, тілді пайдалану аяларына қарай қолдану. Диглоссия ұғымын және аталымын араб, жаңа грек, швейцар, неміс, Гаити аралындағы *Креол тіл* және т.б. тілдердің түрлерін сипаттаған ғалым Ч. Фергюссон енгізді. *Қостілділіктен* диглоссияның басты айырмашылығы: диглоссия – бір тілдің әр алуан түрлерін меңгеру, ал қостілділік – екі немесе одан да көп тілді білу.

Е

ЕКІНШІ ТІЛ (ағыл. *second language*) – 1. *Қостілді адамның* бала кезінде, өз бетінше дербес түрде үйренген тілдерінің екіншісі; рет-тәртібіне қарай *Бірінші тілден* кейін меңгерілген тіл. Мәселенің осы мағынасында екінші тіл *Ана тіліне* сәйкес келуі де, сәйкес түспеуі де мүмкін. 2. *Қостілділік* жағдайында *Тілдік құзыреттің* деңгейіне қарай екінші тіл – басымдығы жоғары *Үстем тілге* қосымша тіл. Мәселені бұлайша түсіндірген ретте екінші тіл ана тіліне сәйкес келуі де, келмеуі де

мүмкін. 3. Оқу орындарын оқыту-үйрету ретіне қарай екінші тіл – екінші шетел тілі, *Тіл-мақсат*.

Ж

ЖАСАНДЫ ТІЛ (ағыл. *artificial language*) – жекелеген білімнің кейбір салаларын тұлғаландыру (ғылымның символдық тілдері), информация іздеу мақсатында мәтінді өңдеу мен ықшамдау (*Информациялық тілдер*), бір табиғи тілден екінші тілге аударманы автоматтандыру үшін (*Автоматты аударма*), ЭВМ-ге адам тапсырмасын беру үшін (*Бағдарламаландыру тілдері*), халықаралық қатынас үшін жасалған Табиғи тіл аналогы (*Халықаралық жасанды тілдер*) т.б.

ЖОҒАЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТІЛ (ағыл. *ажалды тіл*) – өміршең тілдер мен *Өлі тілдердің* арасында орналасатын тіл. Қолданыстан біртіндеп шығып бара жатқан тіл, тілді пайдаланушылар балаларына үйретпейтін тіл жоғалу жолындағы тілге жатады. Әдетте жоғалу жолындағы тіл бір-екі ұрпақтан кейін жойылады, «өледі». М. Краусстың пікірі бойынша (1992) енді 100 жылдан кейін тілдердің 90 %-ы жер бетінен яки жоғалады, яки оларға жоғалу қаупі төнеді.

И

ИДО – халықаралық *Жасанды тілдердің* бірі; 1907 ж. Францияда жасалған, жетілдірілген *Эсперанто*. Идоны жасаушылардың ішінде О. Есперсен болды.

ИНТЕРЛИНГВА (лат *inter* – арасында + *lingua* тіл, ағыл. *interlingua*) – халықаралық *Қосалқы тіл*, оның грамматикалық құрылымы латын тілінің негізінде жасалған; сөздік қоры барлық Еуропа тілдерінің түбір сөздерін қамтиды. Интерлингваны 1903 ж. Джузеппе Леано ұсынды.

ИНТЕРЛИНГВИСТИКА (лат *inter* – арасында + фр. *linguistique* < лат. *lingua* тіл, ағыл. *interlinguistics*) – халықаралық қарым-қатынастар үшін *Жасанды тілдерді*, математикалық

және *Ақпараттық тілдерді* құрастыру және оларды зерттеу ісімен шұғылданатын лингвистикалық пән.

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ (лат. *inter* – арасы + *ferens* (*ferentis*) алып барушы, тасушы, ағыл. *interference*) – Қостілді адамның бір тілінің екінші тілге саналы емес әсерінің үдерісі, сондай-ақ осы ықпалдың нәтижесі. Интерференция әдетте *Үстем тілдің* екінші тілге әсері арқылы жүзеге асырылады. Интерференцияны *Нормадан* ауытқушылықпен байланыстырады (У. Вайнрайх), тілдердің қондырылуы, шалыс айқасуы деп қарастырылады (Э. Хауген). Интерференция тілдің әр қаттауында әртүрлі байқалады, мыс., фонетикалық-фонологиялық деңгейде *Акцентті* ажырата алмау, редукцияның белгілерін көшіру, ал морфологияда екі тілдің грамматикалық сапаларын ұлғайту интерференция болады. Интерференция дербес және бұқаралық болып бөлінеді. Бұқаралық интерференция әбден орныққаннан кейін әуелі *Қостілді адамның*, кейінірек *Біртілді адамның Тілдік құзыретіне*, *Коммуникативтік құзыретіне* ықпал ете алады.

ИРРЕДЕНТА (итал. *irredenta terra* – босатылмаған жер, еркіндік алмаған жер) – тарихи тұрғыдан өзі туып-өскен елмен шектесетін аудандарда тұратын *Этностың* (халықтың, ұлыстың, этникалық қауымдастықтың бір бөлігі; мыс., Ресейде, Ауғанстанда және т.б. тұратын қазақ ирредентасы).

К

КАЛЬКА (от фр. *calque* – көшірме, еліктеу), ағыл. *translation loan word, calque*) – шет тілге тән сөздің немесе сөз тіркесінің нақпа-нақ, сөзбе-сөз аударылуы арқылы жасалған сөз және сөз тіркесі.

КИТУБА – *Креол тілдердің* бірі (*Пиджин тіл* болуы мүмкін): Китуба өзінің даму жолында төмендегідей сатылардан өтті: киконго (тайпааралық тілдік қарым-қатынас құралы, тайпа тілдерімен қатар сауда тілі ретінде, сондай-ақ ауқымды кеңістіктерде миссионерлік қызметтің тілі ретінде жұмсала-

ды) → киконго (қалаларға қоныс аударып, сөздік қоры мен грамматикасын қарқынды түрде байытқан әртүрлі тайпа өкілдері үшін ана тілі және бірден-бір тіл) → китуба Бельгия Конгосының Оңтүстік батыс бөлігіне және Француз Экваторлы Африкаға кеңінен тараған; қарым-қатынастың көптеген салаларында (білім беруде, өндірісте, *Бұқаралық ақпарат құралдарында* және т.б.) кеңінен қолданылады.

КОДТАРДЫҢ АЛМАСУЫ (фр. *cod* < лат. *codex* кітап, ағыл. *code-switching*) – бір *Коммуникативтік актісі* көлемінде *Коммуникацияға* қатысушылардың бір тілді/*Тіл жарыспаларын* екінші тілмен/*тіл-жарыспаларымен* ауыстыруы. Кодтардың алмасуының бес түрі ажыратылады: а) басқа тілді пайдаланушыға қарата сөйлеген кезде немесе *Адресат* ауысқан кезде; ә) коммуникативті акті барысында өзгерістер болған жағдайда; б) *Әлеуметтік рөл* немесе сөйлеушінің рөлі ауысқан кезде (мысалы, ашық-жарқын әңгімелесуге ауысу); в) бөгде адамның сөзінен дәйексөздер келтірілген жағдайда; г) кездейсоқ (қателесіп), яки әдейі басқа белгілі тілге «жылжу» жағдайында. Кодтардың алмасуы кезінде бір тілде сөйленген сөздің арасында басқа тілдің элементтерін пайдалану – *Тілдердің араласуы* байқалады.

КОЙНЕ (грек. *koiné* < *koiné diàlektos* жалпы тіл) – 1. Ежелгі Грецияда б.д.д. IV–III ғ. Аттикалық диалектілерінің негізінде пайда болған және елдің басқа диалектілерін қолданудан ығыстырылған жалпыхалықтық тіл. Койне орта грек және жаңа грек тілдерінің негізі. 2. Койне қазіргі әлеуметтік лингвистикада бір немесе бірнеше диалектілердің негізінде пайда болып, түрлі тілдік диалект топтарының аралық қарым-қатынас құралы қызметін атқарады.

КОНВЕРГЕНЦИЯ (лат. *converge* жақындаймын, ағыл. *convergence, linguistic acculturation*) – 1. Тарихи даму үдерісінде тілдік бірліктердің жақындасуы немесе сәйкес келуі; *Дивергенция* құбылысына қарама-қарсы. 2. Ұғымдық жағынан *Тілдердің конвергентті дамуы* деген түсінікпен теңбе-тең келеді.

КӨПТІЛДІ АДАМ (ағыл. *polyglot*) – Полиглот ұғымымен бірдей; бірнеше тілді меңгерген, білетін адам.

КӨПТІЛДІЛІК (ағыл. *multilingualism*) – жеке адамның немесе қоғамның, екі немесе одан да көп тілді қолдануы; *Мультилингвизм, Полилингвизм* ұғымымен бірдей. Көптілділік Қазақстан, Ресей, Үндістан, Таиланд және т.б. көптеген елдерге тән.

КРЕОЛ ТІЛДЕР (фр. *creole*, ағыл. *creolized languages*) – қызметін ұлғайта отырып және құрылымына түзетулер енгізу арқылы Пиджиннің белгілі бір Тілдік қауымдастық үшін Ана тіліне айналуы, мыс., китуба → киконго (конго), «полицейлік моту → хири-моту» (Папуа Жаңа Гвинея) және т.б. креол тілдер басқа тілдердің айтарлықтай ықпалындағы тілдік жүйенің бір түрі ретінде қарастырылады. Мыс., У. Вайнрайхтың пікірі бойынша, хиндустани тілінің бір тармағы парсы тілінің ықпалына түсіп, урду тіліне, екіншісі санскриттің әсерінен хинди тіліне айналған. Креол тілдер, негізінен, Үнді мұхиты аралдарында, Африка мен Америкада таралған.

КРЕОЛДАНУ (фр. *creole* + қосымша – *дану*, ағыл. *creolization*) – Пиджиндердің қызметі мен құрылымының үйлесуі арқылы жүзеге асатын, пиджиндердің Креол тілдерге ауысу үдерісі.

КІРМЕ (ағыл. *borrowing, loan-word*) – 1. Бір тіл бірліктерінің басқа тілге ену үдерісі. 2. Нақты бір тілге екінші тілден енген сөздер, сөз тудырушы қосымшалар және құрылымдар. Мыс., қазақ тіліндегі *табиғат, ғалым, жәрмеңке, менеджмент, әсемпаз, наразы, университет, деканат, магистр*; орыс тіліндегі *семинар, почтальон, курорт, джип, бутерброд, интервокальный* дегендер кірме тілдік бірліктер. Кей реттерде кірме *Интерференция* ретінде қарастырылады (Э. Хауген), тағы бір зерттеушілер кірме тілдің сөздік құрамына қосымша деп есептейді (У. Вайнрайх).

Қ

ҚОСАЛҚЫ ТІЛ ІІ (ағыл. *auxiliary language*) – Табиғи тілмен қатар, қосалқы (көмекші) құрал ретінде қолданылатын, табиғи тілге сәйкес тіл.

ҚОСТІЛДІ АДАМ (ағыл. *bilingual*) – Билингв ұғымымен бірдей; екі немесе бірнеше тілді меңгерген адам. Қостілді адамның тілдерді білу, меңгеру деңгейі әртүрлі дәрежеде болады. Кез келген жағдаятта, қызметтің әр алуан саласында екі тілді тең дәрежеде қолдана алатын қостілді адам үшін *Амбилингв* аталымы, екі тілдегі *Тілдік құзыреті* толыққанды қалыптаспаған адам үшін *Семилингв* термині пайдаланылады.

ҚОСТІЛДІЛІК (ағыл. *bilingualism*) – Билингвизм ұғымымен бірдей; жеке адамның немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі//қолдануы. Қостілділіктің бірнеше түрі бар: дербес қостілділік – нақты бір этностың жекелеген мүшелерінің екі тілді білуі және пайдалануы, сондай-ақ бұқаралық қостілділік – этностың көпшілігінің екі тілді білуі және пайдалануы; басқаша айтқанда, дербес қостілділік жеке адамның қабілетіне байланысты; бұқаралық қостілділік ұжымда пайдаланылады. Аймақтық қостілділік – елдің белгілі бір аймағы, ауданы тұрғындарының екі тілді білуі және қолдануы. Ұлттық қостілділік – елдің нақты бір этносының екі тілді білуі. Табиғи қостілділік – екі тілді пайдаланушылардың бір-біріне тікелей ықпалы нәтижесінде екі тілді меңгеруі және қолдануы. Жасанды қостілділік – *Екінші тілді* оқып-үйрену үшін мақсатты түрде, арнайы жасалған алғышарттардың нәтижесінде адамдардың екі тілді білуі және пайдалануы. Сонымен қатар таза қостілділік (Л.В. Щерба) немесе координативтік қостілділік (Ч. Остуд, У. Вайнрайх, С. Эрвин және т.б.) аталады, бұл екі тілдің әрқайсысы *Қостілді адамда* өз бетінше дербес жүйе түрінде қалыптасады дегенді білдіреді. Ал субординативті қостілділік (У. Вайнрайх) – екінші тілді меңгерудің бастапқы кезеңі; бұндай жағдайда екінші тілдің тілдік бірліктері, семантикалық негізден тыс, бірінші тілдің

бірліктерімен тұспа-тұс келеді. Қостілділіктің *Қосымша қостілділік* (яғни қостілді адам бірінші тіл бойынша *Тілдік құзыретіне* нұқсан келтірместен екінші тілді қолданады), алмастырушы қостілділік (яғни қостілді адам екінші тілді пайдалана келе бірінші тіл бойынша тілдік құзыретін жоғалтады) деп аталатын түрлері де бар. Функционалды (мәдени) қостілділік тәрізді түрлер (*Функционалды қостілділік, Этникалық қостілділік*) де бар. Жер бетіндегі барлық тұрғындардың жартысына жуығы қостілді адамдар екендігі анықталған. Кейбір елдер үшін қостілділік сирек кездесетін құбылыс (АҚШ, Франция, Ұлыбритания және т.б.), ал тағы бір елдерде қостілділікті қалыпты жағдай деп таниды (Үндістан, Батыс Африка, Таиланд, Папуа, Жаңа Гвинея, Камерун және т.б.).

Л

ЛЕКСИФИКАТОР (грек. *lexis* – сөз, сөйленіс, ағыл. *lexifier language*) – *Пиджин, Креол* тілдерді жасаудағы негіз-тіл, мыс., *Пиджин-инглиш* үшін ағылшын тілі, ал руссенорск тілі үшін – орыс және норвег тілдері *Лексификатор*.

ЛИНГВА ФРАНКА (итал. *Lingua franca*, ағыл. *Lingua franca*) – 1. Әртүрлі тілдерді пайдаланушылардың арасындағы *Коммуникацияда* қызмет ететін тіл; өзіндік сипатқа ие, аралас *Дәнекер-тіл*, ол қарым-қатынастың нақты әлеуметтік-экономикалық ортасында (мыс., саудада) әртілді тұрғындарға қызмет көрсетеді. 2. *Жасанды тіл*, ол орта ғасырларда француз, провансаль, итальян, жаңа грек және араб тілдері лексикасының араласуы нәтижесінде Жерорта теңізі жағалауында пайда болып, араб және түрік көпестерінің еуропалықтармен (өйткені олар жалпылама түрде франкілер деп аталған болатын) сауда қарым-қатынастары үшін қосалқы құрал ретінде жұмсалды. Лингва франканы қарқынды пайдалану *Койненің* туындауына әкеліп соқтыруы мүмкін; Лингва франканы нақты бір жалпыұлттық немесе *Халықаралық тілмен* теңдестіру ақиқатқа сәйкес келмейді.

ЛИНКОС (лат. *lingua* тіл + *kosmos* – ғаламшар) – логикалық мәнді *Жасанды тіл*, оны жерден тысқары *Өркениетпен қарым-қатынас жасау үшін* Г. Фрейденталь ұсынған.

М

МОНОЛИНГВИЗМ (грек. *monos* бір, тұтас + лат. *lingua* қосымша –изм, ағыл. *monolingualism*) – *Біртілділік* ұғымымен бірдей.

МУЛЬТИЛИНГВИЗМ (лат. *multum* – көп + *lingua* тіл, ағыл. *multilingualism*) – *Көптілділік* ұғымымен бірдей.

Н

НЕГІЗ ТІЛ (грек. *basis* – негіз) – оқушының бастапқы тілі (*Ана тілі* болуы міндетті емес), оның негізінде *Екінші тілге, Тіл-мақсатқа* оқыту жүргізіледі.

О

ОКЦИДЕНТАЛЬ (ағыл. *occidental*) – қосалқы халықаралық *Жасанды тілдердің* бірі, оны Э. Валь (Эстония, 1922) жасаған, бірақ бұл тіл кеңінен тарала алған жоқ. Окциденталь *Апостериор тілдердің* қатарына енеді.

ОРТАҚ ТІЛ (ағыл. *universal language*) – *Әмбебап тіл* ұғымымен бірдей.

Ө

ӨЛІ ТІЛ (ағыл. *dead language*) – *Тілді* пайдаланушылардың (халық, ұлт және т.б.) жоғалуы салдарынан немесе *Тілдің ауысуы* себепті қолданыстан шыққан, сондай-ақ жазба ескерткіштер арқылы ғана белгілі тілдің шартты атауы. Өлі тіл ғылым немесе дін тілі ретінде (латын тілі, санскрит) қолданыста сақтала алады. Айрықша әлеуметтік алғышарттар туындағанда табынушы өлі тіл ауызша және жазбаша әдеби тілге айналуы мүмкін; бұған мысал ретінде *Ивритті* атауға болады. Ең

қарапайым болжамдарға қарағанда ХХІ ғасырда қазіргі қолданыстағы алты миллион тілдің 10 %-ы ғана «тірі қалады».

ӨТКІНШІ ТІЛ (ағыл. *interlanguage*) – *Аппроксимативті жүйе, Өтпелі тіл, делдал-жүйе, векторлық жүйе, жақындастырушы жүйе, тіл-аралық жүйемен бірдей.* Өткінші тіл ана тілінің трансференциясы тіл-мақсаттың қағидаларын, коммуникация стратегиясы мен оқыту стратегиясын ұлғайту нәтижесінде қалыптасады. Өткінші тілді ұдайы ұшырасатын қателер көрсете алады.

II

ПИДЖИН (ағыл. бұрмаланған *business* – іс сөзінен, ағыл. *pidgin*) – *Қосалқы тіл (аралас тіл, сауда тілі, бодандық, этника-аралық тіл);* тілдік қатынастар жағдайында тілдердің құрылымы мен лексикасын қарапайымдандыру нәтижесі ретінде табиғи жолмен жасалған. Пиджин шектеулі коммуникативтік қызмет атқарады және бұл тілде сөйлеушілердің ешқайсысы үшін де *Ана тілі* болып есептелмейді. Пиджин және пиджинденген тіл түрлерінің 50 шақтысы белгілі. Олар Оңтүстік шығыс Азияда, Океанияда, Африкада, аз мөлшерде Америкада таралған. Пиджин басым көпшілігі ағылшын тілі негізінде жасалған. Кейінгі кезде пиджинге *pidgin-english, сабир, бичламар* (Океания), *ток-писин* (Жаңа Гвинея) т.б. тілдермен бірге *трасянка, суржик* дегендер де жатқызыла бастады.

ПОЛИГЛОТ (грек. *polyglottos* көптілді < *poly* көп + *glotta* тіл, ағыл. *polyglot*) – *Көптілді адам* ұғымымен бірдей; бірнеше тілді меңгерген адам.

ПОЛИЛИНГВИЗМ (грек. *poly* көп + лат. *lingua* тіл) – *Қос-тілділікпен бірдей.*

С

САБИР (лат. *sapere* – түсіну, ағыл. *sabir*) – *Лингва франкадан бастау алатын және крест жорығы дәуірінде пайда болған*

Қосалқы тіл. Сабирдің сөздік қорында испан, грек, түрік, араб тілдерінен енген сөздер өте көп, бұл жайт сабирдің қолданылу аясының кеңеюіне ықпал жасады.

СЕМИЛИНГВ (лат. *semi* жартылай + *lingua* тіл, ағыл. *semilingual*) – жартылай тілдік құзыретке ие адам; *Ана тілінде де, Екінші тілде де* толыққанды *Тілдік құзыреті* жоқ адам; екі тілде күрделі құрылымдарды айтуда қиындықтарды сезінетін адам.

СЕМИЛИНГВИЗМ (лат. *semi* жартылай + *lingua* тіл, ағыл. *semilingualism*) – тілді жартылай меңгеру. *Ана тілінде де, Екінші тілде де* толыққанды *Тілдік құзыреттің, Коммуникативтік құзыреттің* жоқ болуы. Семилингвизм кезінде екі тілде де күрделі құрылымдарды айтуда қиындықтар туындайды. Семилингвизмнің себептерінің бірі – ана тілі мен төл мәдениетке, басқа мәдениет пен тілге негативті қарым-қатынас.

СУБСТРАТ (лат. *sub* асты + *stratum* қабат, ағыл. *substrate*) – нақ осы *Тілдің ішкі даму заңдарынан* ығыстырылмаған, бұрын осы лингвогеографиялық аймаққа таралған тілден бастау алатын тілдік жүйе белгілерінің жиынтығы; мұрагер тіл өзі ығыстырған тілдер элементтерінің оған қайырадан қосылуы. Субстрат *Қостілділік* кезеңі арқылы негізгі тұрғындар тілінің келгіншілердің ықпалымен болатын тілдік *Ықпалын* және жан-жақты этникалық ығыстыруды көздейді.

СУПЕРСТРАТ (лат. *super* – жоғарыдан + *stratum* – қабат, ағыл. *superstrate*) – негізгі тұрғындар тіліндегі келгінші-жеңімпаздар тілінің іздері. Суперстрат аталымын алғаш рет В. Вартбург қолданды.

СУРЖИК (укр. *суржик* бастапқы мағынасы: бидай мен қара бидайдың, қарабидай мен арпаның, арпа мен сұлының және т.б. қоспасы) – украин-орыс *Қостілділігі* жағдайында стихиялы түрде пайда болған, украин тілінің орынстандырылған нұсқасы (Н.П. Мечковская).

Т

ТАБИҒИ ТІЛ (ағыл. *natural language*) – нақты мағынадағы *Тіл*; адамдардың ойлауын жеткізетін, қарым-қатынас үшін

пайдаланылатын табиғи құрал; мыс., қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі және т.б.

ТЕҢБЕ-ТЕҢ ҚОСТІЛДІЛІК (ағыл. *balanced bilingualism*) – екі тілдің бірдей көлемдегі әлеуметтік функциялары орныққан теңбе-тең Қостілділік.

ТРАСЯНКА (белорус. *трасянка* – бастапқы мағынасы: мал азығы үшін шөп пен сабан қоспасы) – белорус-орыс Қостілділігі жағдайында стихиялы түрде пайда болған, белорус тілінің орыстандырылған нұсқасы.

ТІЛ ДАМУ ЗАҢДАРЫ (ағыл. *laws of language change*) – тілдің шартты және абсолютті түрде игерілуі бойынша Тілдердің дамуына бағыттайтын, ұдайы жүретін үдерістер. Тілдің дамуына әсер ететін сыртқы (экстралингвистикалық) және ішкі (интралингвистикалық) факторлар болады. Сыртқы факторлар – қоғам өміріндегі сан алуан оқиғалардың тілге ықпал жасауы, ал ішкі факторлар – өз мүмкіндіктеріне қарай тілдің өз ішінде дамуы.

ТІЛ-ЖАРЫСПА (ағыл. *language variant*) – 1. Ұлттық тілдің немесе Диалектінің аумағынан шыққан (кейде Әдеби тілдің) аймақтық түрі. Мыс., АҚШ-та, Ұлыбританияда, Жаңа Зеландияда, Канадада, Үндістанда ағылшын тілінің тіл-жарыспасы т.б. 2. Социолектілер де тіл-жарыспалары болып есептеледі.

ТІЛ-МАҚСАТ (ағыл. *target language*) – оқытудың мақсаты (немесе пәні) болатын тіл. Ана тілі мен тіл-мақсаттың арасындағы айырмашылық тіл-мақсатты оқытудың мүдде еткен нәтижесі ретінде зерттеуге әсер етуі мүмкін.

ТІЛ ОНТОГЕНЕЗИ (грек. *on(ontos)* нағыз, мәнді + *genesis* пайда болу, ағыл. *ontogenesis, ontogeny*) – дербес тілдік даму үдерісі; тіл онтогенезі Тіл филогенезімен тұтастықта және өзара шарттылықта қарастырылады.

ТІЛ ФИЛОГЕНЕЗИ (грек. *phyle* – тайпа, ру, түр + *genesis* – пайда болу) – адамға (биологиялық түр, *Homo sapiens*) тиесілі

деп танылған тарихи *Тілдің дамуы*. Тіл филогенезі *Тіл онтогенезімен* бірлікте және өзара байланыста қарастырылады.

ТІЛДЕРДІҢ АРАЛАСУЫ (ағыл. *hybridization*) – *Тілдердің тоғысуымен* бірдей; *Кодтардың араласуы*, *Тілдік қатынастың* нәтижесі ретінде тілдердің будандасуы. Тілдердің араласуы жаңа дербес тілдік бірліктер мен жекелеген тілдер бастапқыда туыстас емес екі немесе одан да көп тілдердің өзара белсенді іс-әрекеті, сөздіктердің «будандасуы», бір тілдің грамматикасын екінші тілде қолдану нәтижесінде жасалады деген болжамға негізделген. Тілдердің араласуы тілдік *Конвергенцияның* бір түрі ретінде қарастырылды, өйткені тілдердің шекарасы бұзылады, сөйтіп, *Тілдердің конвергентті дамуына* алғышарттар жасалады.

ТІЛДЕРДІҢ ДИВЕРГЕНТТІ ДАМУЫ (лат. *divergo* ауытқимын, алшақтаймын, *divergent language evolution*) – немесе глоттогониялық *Дивергенция*, туыстас тілдердің, яки бір тілдің диалектілерінің айрықша әлеуметтік-тарихи алғышарттардың салдарынан бір-бірінен алшақтануы. Тілдердің дивергентті дамуының кейінгі мысалы ретінде *Тіл-жарыспаның* пайда болуын атауға болады, мыс., ағылшын тілі жарыспалары – АҚШ-та, Австралияда, испан тілі жарыспалары – Мексикада. Тілдердің дивергентті дамуына қарама-қарсы түсінік – *Тілдердің конвергентті дамуы*.

ТІЛДЕРДІҢ КОНВЕРГЕНТТІ ДАМУЫ (лат. *converge* – жақындаймын, ағыл. *convergent language evolution*) – ұзақ мерзім бойындағы және қарқынды сипаттағы *Тілдік қатынастардың* салдарынан немесе бір-біріне жақындайтын *Субстрат* тілдердің негізінде бірнеше тілде (туыстас немесе туыстас емес) ортақ құрылымдық қасиеттердің пайда болуы. Мыс., бір тілдің *Диалектілерінің* өзара жақындасуы, осының нәтижесінде *Койне* пайда болады. Тілдердің конвергентті дамуының жарқын үлгісі ретінде *Пиджиннің*, *Креол тілдердің*, сондай-ақ *Тілдік одақтың* құрылуын атауға болады.

ТІЛДЕРДІҢ ТОҒЫСУЫ (ағыл. *hybridization*) – тілдердің араласуымен бірдей.

ТІЛДІ ЖОҒАЛТУ (ағыл. *language loss*) – жеке адамның немесе Тілдік қауымдастықтың тілден айырылуы.

ТІЛДІ ЫҒЫСТЫРУ (ағыл. *language assimilation*) – Тілдің ауысуының зорлықпен жүргізілуі, Ана тілінің басқа тілмен ауыстырылуы. Тілді ығыстыру мемлекеттің Тіл саясаты арқылы қолдау табуы мүмкін; мыс., бұрынғы Кеңес Одағында ұлттық тілдерге қатысты тілді ығыстыру орыс тілінің пайдасы үшін жүзеге асырылды. Тілді ығыстыру Глоттогенез үдерісінде, Субстраттың пайда болуына байланысты жүруі мүмкін.

ТІЛДІК ҚАТЫНАС (ағыл. *language contact*) – Тілдің немесе көптеген тілдердің құрылымы мен сөздік құрамына әсер ететін айрықша географиялық, тарихи және әлеуметтік жағдайлардың салдарынан екі немесе одан да көп тілдердің өзара ықпалдасуы. Мыс., қазақ және орыс тілдерінің тілдік қатынастары.

ТІЛДІК ҚАУЫМДАСТЫҚ (ағыл. *linguistic community*) – Тілдік қоғамдастықпен бірдей; ортақ әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени байланыстар арқылы біріктірілген, күнделікті өмірде осы ортаға таралған Тілдің/тілдердің көмегімен өзара, сондай-ақ әр алуан әлеуметтік институттармен тікелей және жанама қарым-қатынасты жүзеге асыратын адамдар жиынтығы; ішкі топтық коммуникация үшін белгілі бір тілді қолданатын адамдардың тұрақты тобы.

ТІЛДІК НИГИЛИЗМ (лат. *nihil* – ешнәрсе, ештеңе, дым, ағыл. *language nihilism*) – ең сыңаржақ сыни сенімсіздік, Ана тілін жоққа шығару; өз туған халқы ғасырлар бойы жинақтап, қалыптастырған ұлттық мәдени құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарын жоққа шығару. Тілге сенімсіздік, мәселен, Ресей Федерациясында тұратын бірқатар ұлыстар өкілдерінің орыс тіліне артықшылықтар беруі, ана тілін әлеу-

меттік беделі төмен, ана тілі арқылы білім алу мүмкін емес деп танып, оны білуге ниет танытпауы арқылы байқалады.

ТІЛДІК ОДАҚ (ағыл. *language union*) – қарқынды әрі ұзақ мерзім бойындағы қатынастар нәтижесінде, тілдердің конвергентті дамуы нәтижесінде пайда болған, тілдердің ареалды-тарихи құрылымдық және материалдық қауымдастығы. Тілдік одаққа *Балқан тілдер одағы, Поволжье (Волга-Кама) тілдік одағы, Орталық Азия тілдік одағы, Еуразия тілдік одағы* мысал бола алады.

ТІЛДІҢ АУЫСУЫ (ағыл. *language shift*) – тілдің жоғалуы, *Тілдің жылжуы; Тілдік қауымдастықтың Ана тілінен басқа тілге, беделдірек немесе Басым тілге өтуі; Тіл қызметінің Этникалық тілден этникалық емес тілге ауысуы.*

ТІЛДІҢ ДАМУЫ (ағыл. *language development, change*) – Тілдің өмір сүруінің негізін қалаушы бағыт: тілдің өзгере отырып, коммуникативті жарамдылығын сақтауы. Тілдің дамуы шартты-ықтималды және абсолютті даму салалары бойынша жүзеге асырылады. Әдетте, тілдің дамуы баяу жүреді, кейде *Тілдік қатынас жағдайында шапшаң жүзеге асырылады; мыс., Шапшаң креолдану.*

ТІЛДІҢ ЖЫЛЖУЫ (ағыл. *language shift*) – Тілдің ауысуымен бірдей.

Ү

ҮСТЕМ ТІЛ (лат. *dominans, dominantis* – үстем, басым; ағыл. *dominant language*) – кейде: алғашқы тіл – *Қостілділік жағдайындағы Тілдердің бірі, басқа тілге қарағанда білу және қолдану дәрежесі жоғары тіл. Үстем тіл Ана тілімен сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін. Үстем тіл – өзгермелі категория, сондықтан да Билингвтің өмірінде оның өзгеріп кетуі мүмкін құбылыс.*

Ф

ФРАНГЛЕ (фр. *franglais* < *francais* француз тілі + *anglais* ағылшын тілі сөздері біріктіріліп жасалған) – құрамында

ағылшын тіліне тән көптеген сөздер мен сөйленістер бар француз тілінің атауы. Терминді П. Этъембла ұсынған (1960).

ФРЕНГЛИШ (ағыл. *frenGLISH* < *French* француз тілі + *English* ағылшын тілі сөздері біріктіріп жасалған) – көптеген француз сөздері мен сөйленістері бар ағылшын тілінің атауы.

Х

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛ (ағыл. *international language*) – әртүрлі мемлекеттер халықтарының қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ететін тіл. Халықаралық тілдің түрлері – табиғи *Ұлттық тіл*, ол нақты бір халықтың қарым-қатынас құралы және халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы қызметін қатар атқара алады; жасанды халықаралық тіл, ол халықтар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін арнайы құрастырылған коммуникативті жүйе, табиғи тілге ұқсас түр (*Волапюк, Идо, Эсперанто*); Халықаралық тілдің үшінші түрі – аймақтық халықаралық тіл, оны белгілі аймақта өмір сүретін халықтар пайдаланады.

Ш

ШАПШАҢ КРЕОЛДАНУ (фр. *creole* + қосымша – *дану*, ағыл. *rapid creolization*) – тұрақты *Пиджин* алдын ала жасалмай-ақ *Креол тілдің* бір-екі ұрпақ бойында пайда болу үдерісі. Шапшаң креолдану қолданыстағы *Тіл-мақсат* қауымдастықтың басқа тілін біртіндеп ауыстыра алады деп санайтын *Тілдің ауысуы* үлгісіне қарама-қайшы келеді.

Э

ЭСПЕРАНТО (эсп. *Esperanto* – үміттенетін, ағыл. *Esperanto*) – халықаралық қосалқы *Жасанды тілдердің* ішінде ең кең тараған тіл (1887); оның атауы Варшавадағы полиглот көз дәрігері Л.Л. Заменгофтың – Эсперантоны жасаған адамның лақап атынан пайда болған. Эсперанто – *Апостериор тіл*; ол неміс және славян тілдерінің элементтері бар, түптөркіні роман тілдерінен алынған *Интернационалды лексиканың* негізінде жасалған.

СӨЙЛЕУ АКТИЛЕР ТЕОРИЯСЫ

ТЕОРИЯ РЕЧЕВЫХ АКТОВ

Краткое описание дисциплины. Курс «Теория речевых актов» содержит лингвистические основы одного из активно разрабатывающихся в последние десятилетия направлений мирового языкознания. Рассматриваются концептуальные предпосылки, методологический статус, объект и методы исследования, категориально-понятийный аппарат теории.

Общая цель дисциплины: овладение основами теории речевых актов как одного из актуальных и новейших направлений современной лингвистики.

Основные задачи:

- анализ идей, на которые опирается теория речевых актов;
- изучение терминологического и концептуального аппарата теории речевых актов;
- знакомство с основными признаками перформативных высказываний;
- анализ семантики перформативов, ее отличий от значения дескриптивных высказываний;
- обобщение имеющихся в современном языкознании классификаций речевых актов;
- выработка навыков практического применения основных методов анализа речевых актов и перформативов в изучаемых языках.

В результате изучения данной дисциплины обучающиеся должны

знать:

- концептуальные предпосылки, методологический статус теории речевых актов;
- методы анализа речевых актов;

– типы речевых актов и перформатив как основное понятие теории речевых актов.

уметь:

– анализировать, идентифицировать и классифицировать типы речевых актов;

– соотносить реальные речевые акты с принципами и постулатами речевого общения;

– определять явные и скрытые цели высказывания, речевые тактики и типы речевого поведения;

– интерпретировать речь (подтекст, косвенный смысл высказывания), воздействовать на адресата;

– соблюдать речевой этикет в ритуализованных коммуникативных ситуациях.

СӨЙЛЕУ АКТІЛЕР ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ТЕОРИИ РЕЧЕВЫХ АКТОВ

А

АНАЛИТИЧЕСКАЯ/ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ФИЛОСОФИЯ, ФИЛОСОФИЯ «ОБЫДЕННОГО ЯЗЫКА» – философская традиция, объединяющая различные философские направления (логический позитивизм, философию лингвистического анализа, теорию речевых актов). Основоположниками А. ф. являются Л. Витгенштейн, Б. Рассел и Дж. Мур. Л. Витгенштейн изучает язык в действии, обыденный язык в его «неочищенном», первоначальном виде, учитывая роль субъективных факторов. Высказывания в естественных условиях коммуникации он называет языковыми играми. Таким образом формируется концепция значения как употребления.

В

ВЫСКАЗЫВАНИЕ – единица речевого общения, в которой языковая семантика сливается с парадигматикой. Семантический анализ В. предполагает обращение к контексту, ситуации, фоновым знаниям говорящих (пресуппозиции). Основная особенность В. состоит в ориентации на участников речи, т.е. изложение позиции говорящего и расчет на знания и определенную реакцию собеседника. В В. объединяются единицы разных уровней, в нем взаимодействуют значения, выражаемые лексически, грамматически и интонационно.

Г

ГРАММАТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПЕРФОРМАТИВА – обобщенное языковое значение, присущее перформативу:

глагол в 1-ом лице в единственном числе настоящего времени изъявительного наклонения действительного залога (например, *Клянусь*). Возможны и отклонения от этого правила, но функциональная нагрузка при этом не снимается в силу приоритета перформативной формулы перед перформативным глаголом. В составе таких формул перформативными становятся и другие глагольные формы, например, 3-го лица настоящего времени действительного залога изъявительного наклонения: *Пассажиров просят пройти на посадку*; 2-го лица настоящего времени страдательного залога изъявительного наклонения: *Настоящим вы утверждаетесь в должности директора*; сослагательное наклонение: *Я бы просил вас не забывать об этом*; и даже неглагольные лексемы: ср. *Шах!* как эквивалент *Объявляю тебе шах*; *С праздником!* как эквивалент *Поздравляю с праздником!*; *Спасибо!* как эквивалент *Благодарю*.

Д

ДИСКУРС (от франц. discours – речь) – речевое произведение, рассматриваемое во всей полноте своего выражения (словесно-интонационного и паралингвистического) и устремления, с учетом всех внеязыковых факторов (социальных, культурных, психологических), существенных для успешного речевого взаимодействия.

ДИСКУРС В ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ПРАГМАТИКЕ – единицы и формы речи, интраакции, которые могут являться частью повседневной речевой деятельности, но могут также проявляться в институциональной области. Устная речь в Ф. п. не является свойством, отличающим все формы дискурсивного поведения (например, выделяется общение через компьютер), но вполне характерна для него. Д. в Ф. п. также называют совокупность интеракций между представителями определенных социальных групп (в ситуации врач – пациент) или внутри обособленной области общественных отношений.

Анализ Д. в Ф. п. направлен на конкретные формы и способы протекания дискурсов.

И

ИЛЛОКУТИВНОЕ САМОУБИЙСТВО – десемантизация глагола, обозначающего предосудительные коммуникативные цели (*лгать, оскорблять* и др.), не допускающего перформативного употребления.

ИЛЛОКУТИВНЫЙ АКТ, ИЛЛОКУТИВНАЯ СИЛА, ИЛЛОКУЦИЯ – основная характеристика и составляющая часть речевого акта, прагматический компонент смысла высказывания, отражающий коммуникативную направленность/интенцию говорящего.

К

КОММУНИКАТИВНАЯ ИМПЛИКАТУРА, ИМПЛИКАТУРА ДИСКУРСА – одна из двух частей информации, которая может быть извлечена слушающим из высказывания, подтекстовый смысл. Например, высказывания *На этом месте был древний город – будет Теперь его нет.* Импликатуры не входят в значение слов в данном языке, т.е. не конвенциональны, и вытекают из общих постулатов коммуникации, предложенных Г.П. Грайсом.

КОММУНИКАТИВНОЕ НАМЕРЕНИЕ, КОММУНИКАТИВНАЯ ИНТЕНЦИЯ – направленность, стремление высказывания, преследующего определенную цель.

КОНВЕНЦИОНАЛЬНОСТЬ ПЕРФОРМАТИВА – свойство перформатива, заключающееся в том, что перформатив опирается на социальные конвенции или установления, т.е. систему норм (так, приказ возможен в обществе, в котором существует институт субординации); поэтому перформатив имеет нормативные для данного социума последствия.

КОНВЕНЦИОНАЛЬНЫЕ ИМПЛИКАТУРЫ – аспекты информации, не связанные с условиями истинности, которые

передаются высказыванием только в силу значения содержащихся в нем слов или форм. «Импликатуры общения» могут быть «вычислены» слушающим при помощи данных постулатов из прямого смысла высказывания, т.е. говорящий может выполнить свое коммуникативное намерение, не прибегая к его вербальному выражению. То, что говорящий имеет в виду, может включать нечто большее, чем буквальное значение (как в случае косвенных речевых актов), может отклоняться от буквального значения (как в случае метафоры) или даже быть противоположным ему (как в случае иронии).

КОСВЕННЫЙ/СМЯГЧЕННЫЙ ПЕРФОРМАТИВ (*hedged performative*) – перформативный глагол, который при определенных условиях не теряет своей функции в позиции, зависимой от модальных слов. Вопрос: *Могу ли я пригласить Вас на вальс?* равнозначен приглашению.

М

МЕНТАЛЬНАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ (*mental representation*) – мыслительный процесс, который относится как к процессу представления (репрезентации) мира в голове человека, так и к единице подобного представления, стоящей вместо чего-то в реальном или вымышленном мире и потому замещающей это что-то в мыслительных процессах.

МЕНТАЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО – научное знание, знания реального и ирреального мира, представления об абстрактной и практической деятельности, интенции, убеждения и т.д., используемые для моделирования того или иного рассуждения.

МЕНТАЛЬНОСТЬ, МЕНТАЛИТЕТ (от позднелат. *mentalis* – умственный; ум, мышление образ мыслей, душевный склад) – общая духовная настроенность, относительно целостная совокупность мыслей, верований, навыков духа, которая создает картину мира и скрепляет единство культурной традиции или какого-либо сообщества. М. характеризует специ-

фические уровни индивидуального и коллективного сознания; в этом смысле она представляет собой специфический тип мышления. Однако социальное поведение человека вовсе не складывается из непрерывной аналитической деятельности. На оценку того или иного явления конкретным индивидом влияют его прежний социальный опыт, здравый смысл, интересы, эмоциональная впечатлительность. Навыки осознания окружающего мира, мыслительные схемы, образные комплексы находят в менталитете свое культурное обнаружение.

МЕНТАЛЬНЫЕ ПЕРФОРМАТИВЫ – вид высказываний, произнесение которых эквивалентно осуществлению мыслительного действия. М. п. отличаются от социальных перформативов, уместных в социальном контексте, сферой функционирования М. п. (научный дискурс, и шире – ментальное пространство). Иллокутивная цель М. п. состоит в изменении ментального пространства. М. п. соотносятся с конструкциями, выделяемыми в грамматике и логике, – вводными, вставными, метатекстовыми, модусными и пропозициональными конструкциями.

МЕНТАЛЬНЫЙ ЛЕКСИКОН (mental lexicon) – совокупность ментальных репрезентаций; система, которая отражает в языковой способности знания о словах и эквивалентных им единицах, а также выполняет сложные функции, связанные не только с указанными языковыми единицами, но и стоящими за ними структурами представления экстралингвистического (энциклопедического) знания.

МЕНТАЛЬНЫЙ МОДУС – обязательный компонент научного дискурса, в котором сосредотачивается субъектность познания. Предназначение модуса заключается в воплощении отношения субъекта к диктуму, придании ему необходимой «эпистемической определенности». В научном тексте М. м. квалифицирует эпистемические сущности: объекты, намерения, действия по их воплощению и способ

изложения содержания. М. м. распадается на интенциональный, интенциональный, операциональный и коммуникативный. Все виды М. м. эпистемичны потому, что идентифицируют и квалифицируют элементы интеллектуальной деятельности – научного познания. Явное присутствие субъекта этой деятельности в тексте связано с эксплицитным М. м.

МЕНТАЛЬНЫЙ ЯЗЫК, ЯЗЫК МЫСЛИ (*lingua mentalis*) – метаязык, на котором задаются единицы концептуальной системы и/или описываются ментальные репрезентации для значения естественных языковых выражений.

МОДЕЛЬ КОММУНИКАТИВНОЙ СИТУАЦИИ В ТЕОРИИ РЕЧЕВЫХ АКТОВ – совокупность компонентов речевого акта, в который входят говорящий, слушающий, высказывание, обстоятельство, цель и результат речевого акта.

Н

НАУЧНЫЙ ДИСКУРС – специфическое использование языка для выражения ментальности научного знания, которое влечет активизацию некоторых средств языка и, в конечном счете, особую грамматику и правила лексики. Н. д. создает особый ментальный мир.

П

ПЕРФОРМАТИВ (от англ. *perform* – исполнять, выполнять, делать, осуществлять) – высказывание, произнесение которого равносильно действию, поступку. К классическим примерам П. относятся объявление войны, декларации, завещания, клятвы, присяги, извинения, административные и военные приказы и т.п., т.е. социально обусловленные, ритуальные действия. Ср.: произнести фразу *Я обещаю* означает дать обещание. Детерминированность П. социальными нормами и конвенциями позволяет назвать их социологизированными, или социальными, П.

ПЕРФОРМАТИВНАЯ ГИПОТЕЗА ДЖ. РОССА – гипотеза, согласно которой в глубинной структуре любого повествовательного предложения содержится перформативная формула «Я говорю тебе, что...», называемая также перформативным префиксом (*performative prefix*) или перформативным зачином (*performative preface*).

ПЕРФОРМАТИВНАЯ СХЕМА НАУЧНОГО ДИСКУРСА – схема научного рассуждения, которая включает «завязку» – постановку задачи, проблемы, вопроса: это осознание и экспликация «незнания»; экспозицию – способ превращения незнания в знание: оно сопровождается выдвижением гипотезы, ее доказательством, аргументацией, выведением следствий из посылок, наличного знания и фактов; «кульминацию» – выводы, результаты, итоги, «последствия», значение нового знания и т.п. П. с. н. д. выступает не только как способ представления нового научного знания, но и как способ его доказательства. Она эксплицирует ход исследования, переход от условий и посылок к следствиям, путь получения нового знания, способ его выведения из наличного знания и мн. др.

ПОСТУЛАТЫ ПРИНЦИПА КООПЕРАЦИИ – требования, правила общения, соблюдение которых приводит к оптимальной коммуникации, достижению взаимопонимания. К ним относятся: 1) постулат информативности («Информация должна быть достаточно полной и без излишеств»); 2) постулат истинности (качества) («Говори правду»); 3) постулат релевантности («Не отклоняйся от темы»); 4) постулат ясности выражения (манеры) («Говори ясно, кратко и последовательно»).

ПРАГМАТИКА (от греч. *πράγμα* – дело, действие) – раздел семиотики, изучающий соотношение знаков и их пользователей (говорящий, слушающий, пишущий, читающий) в конкретной речевой ситуации. Объединяющими для разнообразных направлений в рамках лингвистической прагматики принимаются следующие представления: 1) ключе-

вым понятием для адекватного описания языковой коммуникации является понятие деятельности; 2) язык является средством динамического взаимодействия коммуникантов; 3) функционирование языка неразрывно связано с ситуативным контекстом его употребления. В научный обиход термин введен Ч. Моррисом. Современная лингвистически ориентированная П. развивается под влиянием позднего Л. Витгенштейна и теории речевых актов.

ПРЕСУППОЗИЦИЯ (от лат. *prae* – впереди, перед и *suppositio* – предположение) – некоторое положение дел, по отношению к которому произносимое высказывание не является бессмысленным. П. относится к числу прагматических понятий. Так, вопрос *Это ты открыл окно?* имеет прагматическую П. «Кто-то открыл окно».

ПРИНЦИП ВЕЖЛИВОСТИ – одна из основ вербальной коммуникации. П. в. подчиняются следующие максимы: 1) максима такта, требующая соблюдения интересов других; 2) максима великодушия, требующая не затруднять других; 3) максима одобрения, требующая избежания отрицательных оценок; 4) максима скромности, требующая отстранения от себя похвалы; 5) максима согласия, требующая избегать возражений; 6) максима симпатии, требующая доброжелательного отношения к другим. Соблюдение П. в. дает возможность избежать конфликтов, которые обычно ведут к нарушению и прерыванию речевого общения. Функции речевого этикета, имеющего то же назначение, более разнообразны и не сводятся только к вежливости. П. в. предложен Дж. Личем.

ПРИНЦИП КООПЕРАЦИИ – исходное положение учения Г. Грайса, основа коммуникации и взаимопонимания. П. к. реализуется в постулатах количества, отношения и способа, которые регулируют объем, содержание, уместность и ясность сообщаемой информации (См. Постулаты принципа кооперации).

ПРОПОЗИЦИЯ (от лат. *propositio* – суждение) – общее содержание утверждений, обещаний, предсказаний; пожеланий и желаний; вопросов и ответов, того, что может быть возможным или вероятным. П. характеризуется условиями истинности. Одно и то же пропозициональное содержание может соединяться с разными иллокутивными функциями, давая разные речевые акты, ср.: *Закрой окно!* – *Ты закроешь окно.* – *Ты закроешь окно?*

Р

РЕЧЕВОЙ АКТ – намеренное, целенаправленное, регулируемое принципами и правилами речевого поведения, принятыми в данном социуме, произнесение высказывания, имеющего адресата, в определенной речевой ситуации. Р. А. – трехуровневое образование: акт локуции (англ. *locution*), иллокутивный акт (англ. *illocutionary act*) и перлокутивный акт (англ. *perlocutionary act*). В качестве локутивного акта выступает Р. а. в отношении к используемым в его ходе языковым средствам, т.е. произнесение высказывания. Р. а. в его отношении к цели и ряду условий его осуществления выступает как иллокутивный акт. В отношении к своим результатам Р. а. выступает как перлокутивный акт.

РЕЧЕВЫЕ ЖАНРЫ – относительно устойчивые тематические, композиционные и стилистические типы высказываний. Термин введен М. Бахтиным.

РИТОРИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ОРГАНИЗАЦИИ НАУЧНОГО ДИСКУРСА – способы облегчения восприятия текста, к которым относятся ментальные перформативы, вопросы, рубрикация, нумерация и др. (ср. интонацию, шрифты, эмфазу и т.п.).

СУБЪЕКТ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ТЕОРИИ РЕЧЕВЫХ АКТОВ – абстрактный индивид, являющийся носителем ряда характеристик, психологических (намерение, знание, мнение, эмоциональное состояние, воля) и социальных

(статус по отношению к слушающему, функция в рамках определенного социального института).

Т

ТЕОРИЯ РЕЧЕВЫХ АКТОВ – 1. Комплекс идей, направленных на объяснение речевой деятельности. Синоним теории речевой деятельности. 2. (англ. speech act theory, theory of speech acts). Одно из направлений аналитической философии, созданное в 1940-х гг. оксфордским аналитиком Дж. Остином. Объектом исследования в Т. р. а. является речевой акт, состоящий в произнесении говорящим высказывания в ситуации непосредственного общения со слушающим. Субъектом речевой деятельности в Т. р. а. понимается абстрактный индивид, который является носителем ряда психологических и социальных характеристик. Т. р. а. – логико-философское по исходным интересам и лингвистическое по результатам учение о строении элементарной единицы речевого общения – речевого акта.

У

УСПЕШНЫЙ/НЕУСПЕШНЫЙ, ЭФФЕКТИВНЫЙ/НЕЭФФЕКТИВНЫЙ ПЕРФОРМАТИВ – перформатив, который удовлетворяет или не удовлетворяет условиям успешности (felicity conditions, по Дж. Остину); например, эффективность приказа обеспечивается тем, что он отдается лицом, наделенным соответствующими полномочиями, выполним и имеется лицо, способное его выполнить.

Ф

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ПРАГМАТИКА – теория, которая основывается на представлениях лингвистической прагматики, имеющая сходные черты с теорией речевых актов, разговорным или текстовым анализом, но отличается от них собственным терминологическим и методическим инс-

трументарием, который опирается на исследования общественно выработанных образцов поступка. Отдельный речевой поступок представлен в Ф. п. не изолированным, а включенным в последовательность речевых поступков, при которой предполагается обмен действиями между говорящим и слушающим. Речевой поступок является также составной частью систематически организованной общей конфигурации поведения, обладающей внутренней структурой. Существенным в данной теории является то, что в ней проводится разделение речевого поведения по предметному содержанию, знанию и пропозициональным структурам, а также дифференциация категорий пространства действия на различные ментальные пространства и привлечение к анализу дискурса пространства восприятия, пространства представления, пространства речи и пространства текста. При этом понятие текста определяется как материализация речевого поступка в общеречевой ситуации так же, как и соответствующее рецептивное действие слушающего. Это действие приобретает качество передаваемого и сохраняемого для случаев дальнейшего употребления знания, и при этом речевая ситуация как бы растягивается. Признак письменности таким образом не является обязательным для текста.

Э

ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ЯЗЫКА НАУКИ – точность, логичность, абстрактность, объективность, выступающие, в свою очередь, в качестве критериев отбора языковых средств выражения. Логичность и вытекающая из нее точность являются обязательными свойствами языка науки. Кроме того, логичность является одним из исходных принципов построения научных текстов. Логичность языка науки стремится к логике описываемой науки, она вторична, является способом отражения и фиксации выводимости суждений по определенным правилам, основана на

обязательной выраженности логических категорий и законов, на базе которых выводимость осуществляется.

Я

ЯЗЫКОВАЯ ИГРА – концепция языка как действия, определенные фрагменты реальности, воспринимаемой только через призму языка. Понятие Я. и. введено Л. Витгенштейном в «Философских исследованиях» (1953), оказало значительное влияние на последующую философскую и лингвистическую традиции.

ҚҰЖАТТЫҚ ЛИНГВИСТИКА

ДОКУМЕНТНАЯ ЛИНГВИСТИКА

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Лингвистиканың жас салаларының бірі – іскери саладағы тілдің қызмет аясын зерттеуді жүзеге асыратын құжаттық лингвистика. Құжат – бұл адам әрекетін басқаратын, заңдық мәні бар мәтін. Ресми-іскери саладағы ұйымдастыру-реттеу үдерісі құжаттар арқылы жүзеге асатыны белгілі. Қандай да бір іскери құжат мәтінін құрастыру басқа мәтін түрлерінен өзіндік қатаң талаптарымен, айрықша белгілерімен ерекшеленетін күрделі үдеріс. Сауатты түрде іскери мәтін құрастыру үшін іскери тілді әдеби тілдің басқа да түрлерінен ажыратып, іскери тілде жазу мәдениетін меңгеру қажет. Ресми-іскери тіл және оның жанрлары құжат дайындаушының жеткілікті дәрежеде жоғары лингвистикалық деңгейін талап етеді. Олай болса ұсынылып отырған курс магистранттарды ресми-іскери стиль мәтіндерінің қолданылуына байланысты негізгі теориялық және практикалық мәселелермен таныстырады.

Пәннің мақсаты: қазіргі ресми-іскери стиль талаптарын ескере отырып, қызметтік құжат мәтіндерін құрастыруға және редакциялай білуге үйрету, сондай-ақ студенттердің құжат мәтінін лингвистикалық, тарихи, мәдениеттанулық, әлеуметтік талдау жасау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ студенттер мен магистранттарды қазақ ресми-іскери стилі талаптарын ескере отырып, қызметтік құжат мәтіндерін құрастыра және редакциялай білуге үйрету.

Пәннің міндеттері:

- тіл мен сөйлеу жайлы, қолданылу заңдылықтары, лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік факторлардың өзара ықпалы туралы түсінік беру;
- әдеби тіл және функционалдық стильдер жайлы түсінік қалыптастыру;

- ресми-іскери стильдің ерекшеліктерін айқындап, көрсету;
- ресми-іскери стиль нормаларын сақтай отырып, мәтін құрастыру және редакциялаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Нәтижесінде студент:

- әдеби тіл және тілдік норма жайлы; тілдің деңгейлік құрылымдары, әрбір деңгейдің негізгі бірліктері; қазақ тілінің ресми-іскери стилі, оның тарихы, қазіргі жай-күйі мен даму келешегі жайлы түсінік қалыптастыра білуі;
- ресми-іскери стильдің негізгі белгілерін білуі; іскери жазба тілдің қандай да бір жанрындағы тұрақты формулалар қорын, оларды қолдану ережелерін білуі;
- сандық ақпаратты, графикалық қысқартуралар мен аббревиатураларды ауызша-цифрлық жазуды жүзеге асырып, сөйлемдерді дұрыс қолдана білуі;
- тілдік нормаларды сақтай отырып, мәтінде тілдік құралдарды орынды қолдана білуі;
- қызметтік құжаттардың әртүрлі жанрларына жататын ресми мәтіндерді құрастыру және редакциялау дағдысын білуі тиіс.

ҚҰЖАТТЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ДОКУМЕНТНОЙ ЛИНГВИСТИКИ

АББРЕВИАТУРА – екі немесе одан да көп сөздердің бастапқы әріптерінен немесе буындарынан құралған сөз және күрделі қысқарған сөз. Мысалы: ҚазҰУ, ҚазҰТУ, БҰҰ т.б.

АБЗАЦ – терминнің екі мағынасы бар: жазу жолының басындағы шегініс немесе мәтіннің мағыналық бөлігін бас жағын басқаша техникалық таңбалау («азат жол»); екінші мағынасы – екі шегініс немесе мәтінді ішкі бөліктерге бөлуді басқаша таңбалау арасындағы мәтін бөлігі, кесіндісі.

АДРЕСАНТ – ауызша немесе жазбаша мәтін (оның ішінде құжаттық) түрінде рәсімделген хабарламаны жіберуші.

АДРЕСАТ – ауызша немесе жазбаша мәтін (оның ішінде құжаттық) түрінде рәсімделген хабарламаны алушы, қабылдаушы.

АНАЛИТИКАЛЫ-СИНТЕТИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР – біріншілік құжат мәтіндерінің мазмұнын талдаумен байланысты және біріншілік құжаттардан алынған мәліметтерді жинақтау нәтижесінде жаңа мәтін түрлерін құрастыруға байланысты іс-әрекеттің күрделі түрлері: операцияға аннотациялау, рефераттау, шолу жасау, мәтіндерді аудару мысалы.

Ә

ӘДЕБИ ТІЛ – нормалану үдерісінен өткен ұлттық тілдің маңызды бөлігі, әдеби нормаға сәйкесетін, диалектілер, жаргон, қарапайым тіл, нормаланбаған тілге қарама-қарсы.

Б

БІРІЗДІЛЕНДІРУ (унификация) – бірегейлікке келтіру; белгілі бір белгілер бойынша бірліктерді сұрыптау; құжат-

тық лингвистика үшін құжаттық құралдардың қисынсыз кең диапазонын қысқарту, құжаттық мәтіндер жасауда қолданылатын тілдік құралдар жүйесін бірегейлікке келтіру.

В

ВЕРБАЛДЫҚ БІРЛІК – сөз немесе сөз тіркестерінен тұратын мәтін бірліктері: бейвербалдық, мәтіннің жазбаша бірліктеріне (мысалы: сызбаларға, кестелерге, графиктерге) қарама-қарсы қойылады.

Г

ГИПЕРМӨТІН – жекелеген мәтін бөліктері мағынасы жағынан жақын басқалармен байланысты ақпаратты сақтау және біріктіру амалы; ақпараттық жүйені қолданушы экрандағы сөздердің немесе мәтін бөліктерінің қолданылуын экран шеңберінен тыс мәтіндік бөліктермен «кеңейте» алатын ақпаратты ұсыну амалы; осы мәтін элементтерімен бейнеленген әртүрлі мәтін бөліктерінің тақырыптық байланысы.

Ғ

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ СТИЛЬ – ғылыми және техникалық коммуникацияларда қолданылатын мәтіндерге тән сөйлеу стилі; ғылыми және техникалық коммуникацияда қолданылатын тілдің жазбаша түрі.

Д

ДЕФИНИЦИЯ – тілдік бірліктің жүйелік байланыстарын ескере отырып мазмұнын ашатын логикалық анықтама; көбіне бұл термин терминдерге қатысты қолданылады, оларда дефинициялар мазмұнды анықтау функциясын атқарады.

ДИСКУРС – сөйлеу және оның жүзеге асырылу шарттары енетін кешенді ұғым.

Ж

ЖАЗБАША МӘТІН – тіркеудің жазбаша формасы бар мәтін.

И

ИНДИВИДУАЛДЫҚ СТИЛЬ (идиостиль, идиолект) – мәтін құрастыруда тілдік құралдарды қолданудың индивидуалдық ерекшеліктері; құжаттық коммуникацияда индивидуалдық стиль әрекеті бірізділендіру мен стандарттаудың күші бар ережелерімен шектелген.

К

КЛИШЕ – құжаттық мәтіннің тұрақты бірлігі, сөйленістің шаблондық фрагменті, мәтін ұйымдастырудың бірізділендірілген құралы.

КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚАТЕ – мәтіннің дұрыс құрылмауына байланысты қате, мәтіндік бөліктердің дұрыс ұйымдастырылмауы.

Қ

ҚҰЖАТ – материалдық тасымалдаушыда тіркелген сәйкестендіруге мүмкіндік беретін реквизиттері бар құжаттандырылған ақпарат; құжаттық лингвистика үшін құжат құжаттық мәтінді тасымалдаушы ретінде маңызды.

ҚҰЖАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР ПЕРИФЕРИЯСЫ – құжаттық мәтіндерді жасауда қолданылатын ұдайы емес, тұрақты емес құралдардың жиынтығы.

ҚҰЖАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЯДРОСЫ – құжаттық мәтіндерде жиі кездесетін тілдік бірліктер, құжаттық мәтіндердің лексика-фразеологиялық негізін құрайтын сөздер мен тұрақты бірліктер.

ҚҰЖАТТЫҚ ЛИНГВИСТИКА – зерттеу нысаны құжаттық мәтін, құжат ретінде тануға болатын сөйлеу туындыларын құрастыруда, өңдеуде және қолданылуында жүзеге асы-

рылатын тілдік, бірізділендіруші және стандарттаушы ережелер әрекетін ескере отырып қолданылуының, құрамы мен құрылымының ерекшеліктері болатын теориялық және қолданбалы тіл білімінің бір тармағы.

ҚҰЖАТТЫҚ МӘТІН – құжаттың негізгі коммуникативтік бөлігі болатын, құжаттық коммуникация шарттарындағы функционалды-нормативтік жағдайлардан туындайтын және сөйлеудің құрылуының бірізділендіруші және стандарттаушы ережелеріне сәйкесетін функционалды, мазмұнды, құрылымды және нормативті тұрғыдан аяқталған сөйлеу бірлігі.

ҚҰЖАТТЫҚ МӘТІНДІ ЖӨНДЕУ – мәтінді түзету үдерісі, мәтінді ақырғы рәсімделуге дайындау, құжаттық мәтінді редакциялаудың құранды бөлігі.

ҚҰЖАТТЫҚ МӘТІН ЖАНРЫ (түрлері) – қолданылатын құралдары, формалары, мазмұндық көлемдері мен коммуникативтік міндеттерінің бірлігімен сипатталатын құжаттық мәтіндердің түрі. Мысалы, іскери хат жанры, арыз-шағым жанры.

Л

ЛОГИКАЛЫҚ ҚАТЕ – формалдық логика ережесін бұзатын қате.

М

МӘТІН – мағыналық байланыстармен біріктірілген таңбалық бірліктердің реті, тұтас тілдік туынды, бүтін бітімді сипаты бар, тасымалдаушыда тіркелген сөйлеу туындысы.

МӘНМӘТІН – бөлікке, мәтінге немесе мәтіндік жиынтыққа кіретін бірліктер мағыналарын толықтыруға немесе нақтылауға мүмкіндік беретін мәтін бөлігі, мәтін немесе мәтіндер жиынтығы.

МӘТІН КОМПОЗИЦИЯСЫ – мәтіннің құрылымы, мәтін бөліктерінің қызметімен, коммуникативтік міндеттерімен айқындалған ішінара орналасуы, құжаттық мәтін композиция-

сы бірізділендіруші ережелер әрекетімен анықталады, нәтижесінде әрбір құжаттық мәтін түрінің жеке композициялық сызбасы болады.

МӘТІН САРАПТАМАСЫ – мақсатты бағытталған зерттеу әрекеттерінің жүйесі, сарапшы алдында тұрған сұрақтарға жауап алуды қажет етеді; мәтіннің сот лингвистикалық сараптамасы лингвистикалық мәні бар сұрақтарға жауап алумен байланысты, оның жүргізілуі құқықтық салада маңызды қорытындылар жасауға негіз береді.

МӘТІНДІ ИНДЕКСТЕУ – басқа таңбалық құралдармен мәтін мазмұнын жазу, тіркеу (мысалы, ақпараттық-іздеу тілінің көмегімен); көпмағыналы термин; құжат индексациясы – таңдап алынған индекстер жүйесіне сәйкес құжатқа индекс иемдеумен шатастырмау керек.

МӘТІНДІ РЕДАКЦИЯЛАУ – құжаттық мәтіннің формасы мен мазмұнын, оның лингвистикалық өлшемдерін талаптарға сай келтіруге бағытталған күрделі технологиялық және аналитика-синтетикалық операция;

МӘТІН РУБРИКАЦИЯСЫ – өзіндік мағыналық бөліктерге (микромәтіндерге) қабылданған рубрикация таңбаларының көмегімен мәтінді бөлу: абзацтық шегіністер, маркер-таңбалар, нөмірлеу т.б.; рубрикация мәтіннің логика-мағыналық құрылымын бейнелейді.

МӘТІНДІ ТЕКСЕРІП ОҚУ – редакторлық процедураларға кіретін лингвистикалық іс-әрекеттердің жүйесі; орфографиялық және пунктуациялық қателерді жоюды, берілген деректерді тексеруді, бір функционалдық топтағы мәтіндердің бірегейлігін қамтамасыз етуді көздейді.

МӘТІННІҢ БЕЙВЕРБАЛДЫҚ КОМПОНЕНТІ – мәтін құрауда қатысатын тілдік емес бірлік; әртүрлі таңбалық формалары бар – символдар, шартты таңбалар, графикалық бейнелеулер, сызбалық бейнелеулер, матрицалар мен суреттер.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – мемлекеттік іс жүргізу үшін қолданылатын тіл (немесе тілдер); мемлекеттік құжат мәтіндерін

жасау үшін және мемлекеттік мүдделерді бейнелеп, мемлекет саясатын жүзеге асыратын ресми жағдайларда сөйлеу коммуникациясы үшін қолданылатын тілдік жүйе.

МИКРОМӘНМӘТІН – мәнмәтінге сыйғызылған таңбалық құралдармен логика-мағыналық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шағын мәнмәтін.

МИКРОМӘТІН – мәтін бөлігі, жеке функционалдық және мағыналық тұрғыдан аяқталған, микромәтіндер құжаттық мәтіндерге тән, олар құжаттық мәтіндердің күрделі композициялық бөліктерін құрайды.

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕ – сөз құрамындағы морфемаларды дұрыс таңдамауға байланысты қате.

О

ОРФОГРАФИЯ – дұрыс жазу емлесі.

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ

Пәннің мазмұны: Тіл мәдениеттің тұғыры болғандықтан, тіл мен мәдениеттің арақатынасы және байланысы – қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. «Лингвомәдениеттану» курсы жеке пән ретінде тіл мен мәдениеттің байланысы, мәдениет феномені, оның тілдегі көрінісі, мәдениетаралық қатынас, тілдік единицалардың коммуникациядағы ерекшеліктерін т.б. мәселелерді кеңінен қарастырады. Қоғамның эволюциялық дамуындағы тілдің аса зор маңызды орын алатыны, бұл орайда мәдениет пен тілдің бір-бірінің байланысының күрделі әрі өте тығыз екенін таныту «Лингвомәдениеттану негіздері» пәнінің құзырына енеді.

Пәннің мақсаты: Тіл мен мәдениет байланысынан туған лингвистиканың өзекті бағытының бірі – лингвомәдениеттанумен – студенттерді таныстыру.

Пәннің негізгі міндеттері:

- Лингвомәдениеттану ғылымының негізімен таныстыру;
- Лингвомәдениеттану ғылымы жайлы маңызды ұғымдар мен терминдер жайлы түсінік қалыптастыру.

Студенттің құзыретілігі:

- «мәдениет» терминінің ғылыми еңбектерде саралануын талдай келе, рухани байлықтың тіл арқылы танылатынын, тілде көрініс табатынын көрсету;
- тілдің барлық мәдениет түрінің негізгі тұғыры ретіндегі сипатын, қызметін таныту;
- сөз жүйесінің әлеуметтік өмірдегі қызметін жан-жақты талдау;
- «лингвомәдениеттік өріс» ұғымын түсіндіру, оның «семантикалық өрістен» айырмашылығын айқындау;
- «тіл және мәдениет» мәселесінің негізгі концепцияларымен таныстыру.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ДЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

КЛЮЧЕВЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИИ

А

АВТОСТЕРЕОТИП (АВТОТАПТАУРЫН) – адамның өздері туралы көзқарасы.

АРХЕТИП – жеке бір санада қалыптасып, бүтін бір мәдени ортаға таралып кеткен тұрақты образдар.

Ә

ӘДЕТ-ҒҰРЫП – өте қатаң тәртіп бойынша белгіленген уақытта ғана орындалатын, белгілі жүйеге негізделіп жасалатын әрекеттер.

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ – белгілі бір халықтың ұлттық, қоғамдық-тарихи құндылықтары сақталған, ұлттық тілдің бір ерекшелігі.

Б

БЕЙНЕ (ОБРАЗ) – сөздің мәдениетпен байланысын танытатын негізгі ақпараттық көзді сақтап тұрған аса маңызды тілдік құбылыс.

Г

ГЕТЕРОСТЕРЕОТИП (Гетеротаптаурын) – басқа халық туралы бөтеннің көзқарасы және бұл сыни тұрғыда келеді.

ГЕШТАЛЬТ – тілдің ең маңызды бірліктерінің бірі. Тілдегі гештальттар адамның шындықты (шынайы өмірді) қабылдауының негізін құрайды.

К

КВАЗИСТЕРЕОТИПТЕР (Квазитаптаурындар) – стереотиптердің басқа мәдениеттерде баламасының кездесіп қалуы.

КОНЦЕПТ – 1) адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін негізгі ұғымдарының бірі.

КОНЦЕПТ – 2) тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық-танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасында жинақталған аялық білімнің шоғыры тілдік-танымдық бірлік.

Л

ЛИНГВОМӘДЕНИ ПАРАДИГМА – 1) этникалық, әлеуметтік, тарихи, ғылыми және т.б. тұрғыда детерминатталып көрініс тапқан дүниетанымдық категориялардың тілдік формадағы жиынтығы.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ – 1) лингвистика мен мәдениеттің тоғысында пайда болып, тілден көрініс тауып, содан берік орын тепкен халық мәдениетін зерттейтін лингвистиканың бір саласы (В.А. Маслова); 2) әлемнің ұлттық бейнесін, тілдік сананы, діл мен тіл кешенін тікелей байланыста зерттейтін сала (В.В. Красных).

М

МӘДЕНИ ӘМБЕБАПТАР – бұл барлық мәдениеттерге ортақ элементтер (*тілдің болуы, еңбек құралдарының дайындалуы, мифтер, би* т.б.), біз оларды мәдениет үшін және шындық дәстүрлердің көркем мәтінде ұсынылған үзіктері үшін маңызды деп түсінеміз. Жалпы олар дәуірдің идеологиялық штамптарының негізін құрайды.

МӘДЕНИ ДӘСТҮР – әлеуметтік және мәдени мұралардың мейлінше құнды элементтерінің жиынтығы.

МӘДЕНИ ДӘСТҮР – әлеуметтік тұрғыда стереотиптелген топтық тәжірибені білдіретін тоғыспалы құбылыс, ол қоғамда шоғырланып, жаңғыртылып отырылады.

МӘДЕНИ КЕҢІСТІК – мәдениеттің оны тұтынушылар санасында өмір сүру формалары.

МӘДЕНИ КОННОТАЦИЯ – бұл мәдениет категориясында мағынаның денотативтік немесе образды-мотивтенген аспектіде талқылануы.

МӘДЕНИ КОНЦЕПТИ – дерексіз ұғымдардың атауы, сондықтан мәдени ақпараттар сигнификатқа, яғни ұғымдық өзекке (ядроға) бекиді.

МӘДЕНИ ҚОР – бұл білім кешені, ұлттық және әлемдік мәдениет саласындағы ой-өріс, оған сол немесе басқа мәдениеттің типтік өкілі ие.

МӘДЕНИ МҰРА – мәдениет үшін маңызды мәдени құндылықтардың, ақпараттардың берілуі.

МӘДЕНИ ҮДЕРІС – мәдени құбылыстар жүйесіне қатысты элементтердің өзара ықпалдасуы.

МӘДЕНИ СЕМАЛАР – сөзге қарағанда мейлінше ұсақ әрі мейлінше әмбебап семантикалық бірліктер, семантикалық белгілер.

МӘДЕНИ СТЕРЕОТИП – индивидуальды және өзгерістерді фактіге сүйе отырып өзгертуге болады, заманға сай ауыстырылып отырады.

МӘДЕНИ ФОН – әлеуметтік өмірдегі құбылыстар мен тарихи оқиғаларды таңбалаушы номинативті бірліктердің сипаттамасы.

МӘДЕНИЕТ – адамның тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі.

МӘДЕНИЕТ – халық дамуындағы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын ұлттық құндылықтар жиынтығы. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни мәдениеті көрініс табады.

МӘДЕНИЕТТІҢ ТІРЕК КОНЦЕПТІЛЕРІ – жекелеген тілдік тұлға, сондай-ақ тұтас лингвомәдени қауым үшін экзистенционалды (адамның рухани бастау ретінде қарастырылуы) маңызға ие әлем бейнесінің өзек бірліктері.

МЕНТАЛДЫЛЫҚ – ана тілінің формалары мен категорияларында дүниетанымның пісіп жетілуі, ол өз бойында ұлттық мінездің интеллектуалдық, рухани және ерік қасиеттерін, оның типтік көріністерін біріктіреді.

МЕНТАЛИТЕТ – менталдылықтың, ақыл-ойдың, халық жанының қиюласуының іштей ұйымдасуы мен жіктелуін бейнелейтін категория.

МЕТАФОРА – құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы. Метафораны сөз өнері (поэтика, риторика), эстетика, логика, философия, тіл (стилистика, лексикология, психолингвистика) ғылымдары зерттейді. Менталдылық бірлігі – сол мәдениеттің концептісі.

МИФОЛОГЕМА – қандай да бір миф үшін аса қажетті қаһарман немесе аса қажетті жағдай, бір мифтен екінші мифке көшіп отыратын мифтік «басты кейіпкер».

С

СӨЗДІҢ ІШКІ ФОРМАСЫ – сөзді құрайтын морфемалар жігіндегі ең қарапайым алғашқы мағына.

СТЕРЕОТИП (Таптаурын) – 1) шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған үлгі; 2) сараптау жүйелерінде пәндік саладағы абстрактіленген, жалпыланған объект түсінігі. Әлем, дүниенің бейнелі түрде өлшенуі.

СУБМӘДЕНИЕТ – екінші орындағы, тәуелді мәдени жүйе.

Т

ТІЛ – 1) адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу – адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу – тек адамға ғана тән құбылыс. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады; 2) адам мен қоршаған орта – қарым-қатынас орнататын бірлік; 3) ойлаумен, халықтың менталитетімен,

мәдениетімен үздіксіз, тығыз байланыстағы адам қарым-қатынасының әлеуметтік аса маңызды құралы; 4) халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал.

ТІЛДІК ТҰЛҒА – мәтіндерді тудыру және қабылдай алу қабілетін иеленген адам. Ол қабілеті құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейімен, шындықты бейнелеудің тереңдігі және дәлдігімен, нақты мақсатқа бағытталушылығымен ерекшеленеді.

ТІЛДІК ФОРМАЛАР – бұл парадигманың негізі, ол қалайда мәнді таным-түсінікке тереңдеп енеді.

ТІЛДІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫ – халық менталитеті мен мәдениеті жөніндегі мейлінше құнды ақпарат көзі, оларда ұлттың миф туралы, дәстүр-салт туралы, әдет-ғұрып және іс-әрекет, мораль, мінез-құлық, т.б. жөніндегі түсінікпайымы қатталып жинақталады.

Ф

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР – ұлт өмірінің айнасы. Фразеологиялық бірліктердің мағынасы сол тілде сөйлеушінің фондық білімімен, практикалық тәжірибесімен, ұлттың мәдени-тарихи құндылықтарымен тығыз байланысты, олар адам санасында әлемнің бейнесін көрсететін ассоциацияны білдіреді. Семантикалық тұрғыдан фразеологиялық бірліктер адамның іс-әрекетін сипаттайды.

Э

ЭТАЛОНДАР – әлемді образды түрде бейнелі етіп қабылдаудың жолы. Заттардың, құбылыстардың, нысандардың сапасы мен қасиет-белгілерінің салыстырмалы өлшемінен хабар беретін мән.

ЭТНОСТЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР (таптаурындар) – әртүрлі этностық қауымдастықтардың өкілдеріне тән моральдық, ақыл-ой, дене күші қасиеттері туралы біршама орнықты түсініктер.

ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕҢГЕРУ ТЕОРИЯСЫ

ТЕОРИЯ УСВОЕНИЯ ВТОРОГО ЯЗЫКА

Пәннің мазмұны. Екінші тілді меңгеру теориясы тіл білімінің қолданбалы аспектісінен орын ала отырып, бірнеше мәселелерді қамтиды. Тілдік тұлға тарапынан оның ана тілінен кейін я оның қоғамдағы тілдік жағдайға сәйкес алғашқы қалыптасқан бірінші тілінен кейін игерілетін екінші тілді меңгерудің лингвистикалық, психолингвистикалық және екінші тілді меңгеруді оңтайландыратын механизмдер мәселелері пән бойынша оқу материалдарын қамтиды.

Екінші тілді меңгеру тұлғаның өзге тілдегі ақпаратты түсіну және сол тілде сөйленіс тудыра алу дағдысының, қабілетінің қалыптасуымен анықталады. Екінші тілдік білімнің қалыптасуы үйренуші тарапынан меңгерілетін біліммен және оның типологиясымен тығыз байланысты болса, ал өзге тілдегі ақпаратты түсіну және сол тілде сөйленіс тудыру процестері осы екінші тілдік білімнің пайдаланылу механизмдерімен байланысты.

Пәннің мақсаты – екінші тілді меңгеру теориясы мәселелерін және әдістерін меңгерту, магистранттарды контрастивтік лингвистика негіздерімен таныстырып, XX ғасырда қалыптасып, сол уақытта тіл білімі ғылымында тамырын тереңге жіберген тоғыспалы ғылым ретінде тұтастықта түсінік беру.

Пәннің міндеттері – екінші тілді меңгеру, игеру және оқыту мәселелері бойынша, сондай-ақ коммуникативтік, сөйлеу, тілдік біліктіліктерді қалыптастыру тұрғысындағы теориялық білім беру және оны контрастивтік сипаттау дағдысын жетілдіру; тілдердің контрастивтік сипаттамасы үшін лингвистикалық классификацияны пайдалану; отандық, сондай-ақ шетелдік ғалымдардың екінші тілді меңгеру және кон-

трастивтік лингвистика тоғысындағы аса маңызды ғылыми еңбектерін қарастыру.

Модуль бойынша **құзыреттер (оқытудың нәтижелері).**

- *Жалпы құзырет:* құралдық: лингвистикалық көзқарас тұрғысынан мәдениаралық түйісу аймағының мәселелерін анықтау; контрастивтік лингвистика мен екінші тілді меңгеру теориясындағы басты мәселелерді жіктеп, анықтау.

- *Тұлғааралық:* үйренуші тұлғаның индивидуалдық лингвистикалық және интеллектуалдық қабілеттерін (оның ішінде, креативті, шығармашылық) дамыту және олардың тілдерді контрастивтік оқыту мен екінші тілді меңгеру үдерісінде қолдана алуы.

- *Жүйелік:* логикалық сәйкестілік, ақпараттық толықтылық, концептуалдық тұтастылық арақатынастардағы, жеке-леген кванттар жүйесі ретіндегі контрастивтік лингвистика мен екінші тілді меңгеру теориясы бойынша концептуалды ұйымдасқан филологиялық білімді жаңғырта алу.

Пәндік құзырет: ана тілі және екінші тілдерінің контрастивтік жүйесі, құрылымы туралы іргелі білімді қолдана алу, олардың бірліктерінің тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста ие болуы, сонымен қатар екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілдерінің жүзеге асу механизмдері туралы білімдерін зертханалық жұмыстар үдерістерінде қолдана алуы;

ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕНГЕРУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ И ТЕРМИНЫ ТЕОРИИ УСВОЕНИЯ ВТОРОГО ЯЗЫКА

А

АНА ТІЛІ – тілдік тұлғаның ата-анасының, өзінің биологиялық қатысына сәйкес тіл. Тұлғалардың тілдік санасында *ана тілі* биологиялық қатысы тұрғысынан ұғынылады. Тілдік тұлғаның ана тілі мемлекеттік я сол елде екінші тіл болуы жағдайында оның табиғи тілдік коммуникативтік ортасы бар болады. Тілдік тұлғаның шетелде диаспоралар қатарында өмір сүрген жағдайында, оның ана тілінің табиғи тілдік ортасы болмауы мүмкін. Алайда отбасындағы тілдік таңдауға сәйкес сәбидің бірінші тілі өз ана тілінде шығуы мүмкін. Бірінші тіл немесе ана тілі тілсіз негізде әрі сырттай жүйелеулерсіз, тілді меңгеру тұрғысындағы жасанды әрекеттерге тәуелсіз, стихиялы меңгеріледі.

АНЫҚТАУ/ТҰЖЫРЫМДАУ СТРАТЕГИЯСЫ – екінші тілді меңгеру теориясына сәйкес тілдік тұлғаның екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау үшін қолданатын тәсілі. Тілді үйренушінің сөздің не сөйленістің қолданылу жағдайларына мысал келтіруді өтінуі, түсінгенін бекіту үшін сөзді қайталауы.

АССОЦИАТИВТІ-ВЕРБАЛДЫ ЖЕЛІ – екінші тілді меңгеру теориясы тұрғысынан лексикалық білімнің түрлі формаларының сақталу тәсілі ретінде қарастырылады. Өзге тілдік қажетті сөзді жадыдан ассоциация арқылы табуға мүмкіндік беретін өзара тоғысатын семантикалық желі түрінде танылады. Ассоциация сөз формасын формалды белгілері бойынша сәйкестендіру нәтижесі ретінде, сондай-ақ мағынаны семантикалық микрожүйеге қатынасына қарай сәйкестендіру нәтижесінде пайда болады. Сөз формасы мен мағына негі-

зінде басқа сөздермен байланыс типін таңдау жүзеге асырылады, яғни сөзді анықталған бір синтаксистік конструкцияға енгізу. Нақты бір контексте қажет сөзді іздестіру және іріктеу сөздің формалды белгілері бойынша, сөз табына қатысы бойынша, семантикалық микрожүйеге қатысы бойынша жүзеге асырылады және осы тәсілмен сөздің лексикалық мағынасын да анықтайды, оны референттік тұрғыдан тану да қамтамасыз етіледі. Негізгі ереже – лексикалық және семантикалық тіркесімділік ережесі; негізгі механизмі – ассоциативтік.

Ә

ӘЛЕУМЕТТІК-АФФЕКТИВТІК СТРАТЕГИЯ – екінші тілді меңгеру теориясына сәйкес тілдік тұлғаның екінші тілдік білімді меңгеруді оңтайландыру мақсатында қолданатын тәсілі. Екінші тілді үйренуде мақсатқа қол жеткізу үшін өзара әрекет ету немесе тілді үйренушінің «өзі-өзімен іштей сөйлесуі», яғни тілді үйрене алатынына сенімінің қалыптасуы.

Б

БІРІНШІ ТІЛ – тұлғаның бірінші тілі оның ана тілі, яғни ата-анасының, өзінің биологиялық қатысына сәйкес тіл болуы мүмкін я тұлғамен биологиялық сәйкестігі жоқ, бірақ сол қоғамдағы тілдік жағдайға сәйкес өзге тіл болуы да мүмкін. Тұлғалардың тілдік санасында *ана тілі* биологиялық қатысы тұрғысынан ұғынылады. Демек, бірінші тіл және ана тілі ұғымдарының арасына барлық кезде теңдік белгісі қойылмайды. Мемлекеттік деңгейде алғанда бірінші тілге немесе ана тіліне табиғи қоғамдық коммуникативтік ортаның тәндігі көрсетіледі.

Г

ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫ МОДЕЛЬ АРҚЫЛЫ МЕНГЕРУ – грамматикалық категория – тіл мо-

делінің құрылымдық компоненті. Соңғы жылдары грамматикалық ұғымдарды формалды құрылымдар, яғни модель арқылы түсіндіру орын алды. Модельдеу бұрын жасанды интеллект бағдарламасын жасауда маңызды болса, қазір өзге тілді меңгеру теориясы мен практикасында да маңызды. Модельдеу тілді анықталған қатынастардың жүйесі ретінде таныту мүмкіндігіне байланысты туған. Тіл қызметінің механизмдерін анықтау – бұл тілдің қалай жұмыс істейтінін сипаттау. Тіл моделі тіл механизмдерінің жұмыс істеу сипатының барлық детальдарын танытуы керек. Бұл орайда тіл жұмысын механизм ретінде танытатын грамматикалық категориялар – модельдің құрамдас бөлігі. Г.Ә. Мұсаеваның «Қазақ тілі жай сөйлемдерін виртуализациялау (меңгеру мақсатында)» еңбегі бар.

Д

ДАЙЫН КЛИШЕЛЕР ДІ ИГЕРУ – екінші тілдегі құрамдас сыңарларына талдау жасалмастан тұтас түрінде меңгерілетін клише түріндегі сөйленістерді игеру, олар тілдік қарым-қатынаста да тұтас түрінде қолданылады. Дайын клишелерді игеру модельдерді жаттау / есте сақтау, модельдерді иммитациялау, модельдерді талдау амалдары арқылы игеріледі. Екінші тілдегі дайын клишелерді игеруден бөлек, тілді үйренушінің шығармашылық тілінің қалыптасуы да маңызды. Бұл орайда шығармашылық тіл деп Р.Эллис тіл үйренушінің дайын үлгілерді қолданбай, екінші тіл ережелерін тірек ете отырып, өз бетімен жаңа сөйленістерді тудыру жайын айтады. Аталмыш стратегия игерілген білімді автоматтандыру үшін қажет. Шығармашылық тілді игеру жаңа білімді шоғырландыру (аккумуляция) және жаңа екінші тілдік білімді автоматтандыру әрекеттері барысында жүзеге асады (А.А. Залевская).

Д

ДЕДУКТИВТІ ПАЙЫМ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау үдерістерінде қолданылатын тәсілдердің бірі. Тілді үйренушінің екінші тіл құбылыстарын бірінші немесе басқа тіл құбылыстарымен салыстыруы; тілдерде бірдей кездесетін ережелерді іздестіруі.

Е

ЕКІНШІ ТІЛ – тұлғаның екінші тілі, ол оның ана тілінен кейін я оның қоғамдағы тілдік жағдайға сәйкес алғашқы қалыптасқан бірінші тілінен кейін меңгерген тілі. Қазақстанның тілдік жағдайында екінші тілдің шетел тілінен айырмашылығы – оның табиғи тілдік ортасының болуы, бұл жағынан ол бірінші тілмен ұқсас. Қазақстанда табиғи тілдік ортасы бар тілдер қатарында қазақ және орыс тілдерін қарастыруға болады. Екінші тіл көпшілік жағдайларда мамандардың қатысуымен құрастырылған оқу бағдарламасы бойынша екінші тілдік білімді анықталған жүйемен меңгертуге бағытталады. Екінші тілдің меңгерілуі, сондай-ақ бірінші тілдің меңгерілуімен ұқсас жағдайда өтуі де мүмкін, яғни екінші тіл метатіл көмегімен емес, ол қоғамдық-әлеуметтік ортасы бар тіл болғандықтан, арнайы оқусыз-ақ, қарым-қатынас барысында, күнделікті таптаурын жағдайларға еліктеу т.с.с. нәтижесінде де меңгерілуі мүмкін. Егер Қазақстандағы әлеуметтік тілдік жағдай тұрғысынан түсіндірсек, екінші тіл – бұл өзге тілдік социумның я қоғамдық тілдік жағдайдың ықпалымен қалыптасқан өзге тіл немесе бірінші болып қалыптасқан өзге тілден кейін меңгерілген ана тілі.

ЕКІНШІ ТІЛДІ ҚОЛДАНУ СТРАТЕГИЯСЫ – екінші тілді меңгеру теориясындағы екінші тілдік білімді қолдану тәсілі, объективтік, сондай-ақ прагматикалық сөйленіс мәнінің қалыптасуы мен білдірілуіне қатысушы білім типтерін сатылы қолдану механизмдері. Ол сондай-ақ өзге тілді оқыту

әдістемесін тілді үйрену стратегиясы ретінде қарастырып, оның жоспарлау және өңдеу сияқты түрлерін жіктейді. Мысалы, артикуляралды (дыбысталу алды) мониторингі сөйленіс тудыруда тіл үйренушінің екінші тілде айтатын сөзін іштей жоспарлап, сұрыптауы болса, артикулярарты (дыбысталу арты) мониторингі тіл үйренушінің екінші тілде сөйленіс тудыру процесінің ішкі дайындықсыз жүзеге асып, соңынан сөйленістің өңделу жағдайы болып табылады. Екінші тілді қолдануда өңдеу стратегиялары маңызды орын алады. Мысалы, артикуляралды (дыбысталу алды) мониторингі сөйленіс тудыруда тіл үйренушінің екінші тілде айтатын сөзін іштей жоспарлап, сұрыптауы болса, артикулярарты (дыбысталу арты) – мониторингі тіл үйренушінің екінші тілде сөйленіс тудыру процесінің ішкі дайындықсыз жүзеге асып, соңынан сөйленістің өңделу жағдайы (Ғалым А.А. Залевскаяның анықтамасы бойынша). Екінші тілді қолдануда өңдеу стратегиялары маңызды орын алады.

ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕНҒЕРУ – екінші тілді меңгерудің екі түрлі жағдайы байқалады. Бірі – тұлғаның екінші тілдік табиғи ортада күнделікті я әредік қарым-қатынас жағдайларының қайталануы салдарынан меңгеруі; екіншісі – тұлғаның екінші тілді арнайы оқуы барысында оның грамматикасымен жүйелі түрде таныса отырып, тілді қайбір формалды жүйе ретінде саналы түйсіне меңгеруі. Мұнда бірінші жағдайда тұлға танымында тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі сипаты басым орын алады және екінші тілдің жүйеге бағындырылмай, бейберекет меңгерілу жайын сәбидің бірінші тілге ие болу жағдайымен салыстыруға болады, екінші жағдайда, тіл тұлға танымында тіл бірліктерінің жүйелі қатынасы, құрылым ретінде орын алады.

ЕКІНШІ ТІЛДІ ОҚЫП ҮЙРЕНУ – мақсатты түрде жүзеге асып, грамматикалық ережелерді саналы түрде қабылдануға күш салынады, қайталау, жаттау, аудару сияқты әдістемелік мәселелер қарастырылады, яғни екінші тілге оқытудың дәс-

түрлі бағдарламасы басшылыққа алынады; тілді үйрену барысында оқушы оны (тілді) жүйенің анықталған ережелеріне бағынған абстракт ретінде түйсінеді. Екінші тілге оқытудың әдістемелік мәселелері лингвопедагогикалық аспектіде қарастырылады.

Ж

ЖАТТАУ СТРАТЕГИЯСЫ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілдерінің бірі. Тілді үйренушінің жаңа тілдік құбылысты жазып алуы, дауыстап айтуы, оны есінде сақтау амалын табуы, сөзді бірнеше мәрте жазу арқылы есте сақтауға талпынысы.

ЖОСПАРЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ – ғалым А.А. Залевская тұжырымдарына сәйкес тіл үйренушінің сөйлегенде пропозиция элементін түсіру арқылы сөйленіс жоспарын жеңілдетіп, ал түсірілген элемент мәнін экстралингвистикалық ситуация көмегімен анықтауды тыңдаушының үлесіне қалдыру түріндегі *семантикалық қарапайымдандыру* амалынан және тіл үйренушінің сөйлеген кезде көмекші сөздер мен қосымшаларды түсіріп кетуі тұрғысындағы *тілдік қарапайымдандыру* стратегияларынан тұрады.

К

КОГНИТИВТІК СТРАТЕГИЯ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілдерінің бірі. Екінші тілді үйренудің жекелеген міндеттерімен байланысты оқу материалдарын іске тарту әрекеттері.

КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЛЫҚ тұлғаның екінші тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана алу қабілетімен байланысты анықталады. Қарым-қатынас мақсаты субъекті тарапынан түрлі ниетті қамтып, түрлі ситуацияларға құрылатындықтан, тұлғаның коммуникативтік құзырлығы

екінші тіл бойынша лингвистикалық-прагматикалық біліктілікті ғана емес, сондай-ақ тілден тыс жалпы энциклопедиялық білімді, қарым-қатынастың мәдени нормалары тұрғысындағы біліктілікті де қамтиды. *Коммуникативтік құзырлық* тілдік қарым-қатынас бағдарламасын таңдау және оны жүзеге асыруға қабілеттілік тұрғысынан анықталады. Бұл орайда үйретілетін тіл елінің мәдени контексті фонында тілдік қарым-қатынасты орнатуға қабілеттілік; қарым-қатынас тақырыбының, жалпы сипатының өзгерісі жағдайында оған тілдік тұрғыдан икемделе алу; пікірлесушілердің ниетін және олардың арасында туындаған қарым-қатынас сипатын бағамдай алу, жалпы қарым-қатынасқа түсудегі қажеттіліктерді өтей алудағы тілдік қабілеттілік я қарым-қатынас барысындағы ақпаратты өңдеу құралы ретінде екінші тілді қолдана алу дағдысының қалыптасуы сияқты мәселелер енеді. Коммуникативтік құзырлық келесі сипаттарымен анықталады: 1) тұлғаның екінші тілде айтылған сөйленісті түсіну және өз тарапынан сөйленіс тудыра алу дағдысының қалыптасуы. Бұл тұрғыда екінші тіл бойынша тілдік білім жүйесін (лексика-семантикалық, грамматикалық, прагматикалық) меңгеруі қажет. 2) Тұлғаның қарым-қатынас ерекшелігіне сәйкес екінші тіл бойынша меңгерген білімін әлеуметтік тұрғыдан өңдеп қолдана алу қабілетінің болуы.

Қ

ҚАБАТТАСУ (*интерференция*) – екінші тілді меңгеруде жаңа тілдік дағдының қалыптасу барысына бірінші тіл ерекше әсер етуі. А.А. Залевская тұлғаның бірінші тілдік білімінің күнделікті қолданыс нәтижесінде дағдыға айналып, механикалық сипатқа ие болатынын айтады. Бірінші тілдің механикалық сипатта әрекет етуі екінші тілдің меңгерілуі барысында да оның механикалық түрде араласуына әкеледі. Жалпы тілдің меңгерілуі күнделікті практика барысындағы қайталанулар арқылы тілдік дағдының қалыптасуымен және

оның механикалық сипатқа ие болуымен танылады. Тұлғаның бұрын қалыптасқан бірінші тілдік дағдысының екінші тілді меңгеруде ауысып қолданылуы оң, сондай-ақ теріс қабаттасу болуы мүмкін. Екінші тілді меңгеру барысында бірінші тілдің ықпалы негізіндегі ауысудың оң я теріс болуы осы өзара әрекеттестікте табылып отырған тілдердің (яғни, бірінші және екінші тіл) жүйелеріне, грамматикаларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға байланысты.

Л

ЛЕКСИКОН – «ақпаратты когнитивті өңдеудегі маңызды механизмдердің бірі» (Ч. Остуд), «грамматиканың базалық компонентіне енетін мәнді тілдік элементтердің сөздігі» (Слобин), «фонологиялық, морфологиялық, семантикалық және синтаксистік ақпараттарды түгел қамтитын грамматикалық компонент, яғни жекелеген сөздер мен морфемалар тұрғысынан сөйлеушілердің барлық білетіні» (А.А. Залевская); «тілдік формада өңделген ақпаратты сақтаушы адам жадысының ажырамас бөлігі» (Е.С. Кубрякова). В.З. Демьянков бойынша лексикон: 1) тіл морфемаларының жүйесі ретінде; 2) морфемалардың әрбірінің морфологиялық жүйесі ретінде; 3) сөздер және олардың парадигмаларының жүйесі ретінде; 4) тек қана бірліктер емес, сонымен бірге олардың амал-тәсілдерін (процедураларын) қамтитын жүйе ретінде; Сөздің түрлену ережелері – бұл морфосинтаксистік және морфолексикалық белгілерді ескеретін амал-тәсілдер. Сөздің жасалуында атомарлық бірліктер маңызды рөл атқарады; 5) әртүрлі ақпарат түрлерін сақтаушы және модульдер бойынша өзара ықпалдастықта табылатын түрлі компоненттер жүйесі ретінде түсіндіріледі. Тілдік бірлікті таңдауда және қабылдауда олардың лексиконы тілден тыс біліммен өзара ықпалдасады. Сөз мағынасы кеңейтілген семантикалық желі түрінде танылады, морфологиялық анализатор сөздің элементі ретінде сөзді іздестіруді жеңілдетеді.

М

МЕТАКОГНИТИВТІ СТРАТЕГИЯ – тілдік тұлғаның екінші тілді үйрену үдерісін, оның жоспарлануын, түсінуді немесе сөйленістің тууы мен жүзеге асуын бақылауды, үйрену нәтижелерін өзіндік бағалауды ойластыру мәселелерін қамтиды.

МОДУЛЬ – бұл тілдегі жүйелі қатынастарды білдіру бірлігі. Демек, *М.*, біріншіден, ұғымдық концептілер мен тілдік білімнің менталды репрезентация жүйесін таныту бірлігі; екіншіден, репрезентацияланатын ақпараттың сатылы өңделуі мен оның практикалық тұрғыдан қолданылуын қамтамасыз ететін механизмдер жиынтығын таныту бірлігі; үшіншіден, коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруға бағытталған технологиялық процестерді тілді үйренушіде ұйымдастыру бірлігі бола алады. *М*-ге тән басты қасиеттер – олардың дербестілігі (автономность), мамандандырылуы және әмбебаптығы. Бір модульдер организмге көрсеткен сыртқы әсерлер туралы ақпаратты репрезентациялап, оны өңдеу және сақтау қызметін атқарады. Ықпал, сыртқы әсер тілдік білім мен ұғымдық жүйе деңгейінде жүзеге асады. Бұған әлем, әрекеттер мен түрлі күйлер туралы білімдердің концептуалдануы енеді. Басқа модульдер алынған ақпаратты өңдеп, оны практикалық немесе аналитикалық қызметте қолдануды қамтамасыз етеді.

МОНИТОРИНГ СТРАТЕГИЯСЫ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілдерінің бірі. Тілді үйренушінің сөзді айтуда және қолдануда, жазуда, грамматикада, стильде кеткен өз қатесін я біреудің қатесін жөндеуі.

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА – грамматикалық мағыналардың грамматикалық формаларға сәйкестігін анықтайтын формалар жүйесі. Морфологиялық парадигма лексемалардың барлық грамматикалық мағыналарда бірдейлік идеясын білдіреді. Морфологиялық парадигма құрылымы

жекелеген сөз табы мен олардың грамматикалық мағыналарының байланысын сипаттайтын грамматикалық категориялар құралдары арқылы анықталады.

О

ОЙЛАП ТАБУ Я ИНДУКТИВТІ БӨЛІП ШЫҒАРУ СТРАТЕГИЯСЫ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілі. Тілді үйренушінің суретті, контексті, тірек сөзді, құрылымды негізге ала отырып, сөз мағынасын ойлап табуы.

ОҢ ҚАБАТТАСУ (оң интерференция) – Бірінші тіл мен меңгерілетін екінші тілдің тілдік жүйелеріндегі ұқсастықтар оң қабаттасуға негіз болады. Тілдердегі ұқсастықтар тілдердің барлық деңгейлерінде де кездесуі мүмкін. Мысалы, фонетикалық жүйе бойынша қазақ және орыс тілдерінде бірдей кездесетін дыбыстар бар. Мұндай дыбыстар орыс тілді тұлғаның қазақ тіліндегі сөзінде екі тілге де тән дыбыстарды дұрыс айтуына оң ықпал етеді. *Бала, ай, ата, ана, дала* сөздерінің айтылуы орыс тілді тұлға үшін айтарлықтай қиындық тудырмайды.

Ө

ӨЗГЕ ТІЛДІ МЕНҒЕРУ – С. Крашеннің көзқарастарына сәйкес тілдік ережелерді еліктеу арқылы және нақты қарым-қатынас жағдайында бірнеше мәрте қайталанатын ситуациялар арқылы жете түйсінбей аралық бағдарлаумен сипатталады. Мұндай креативтік процесс қарым-қатынастың табиғи жағдайларында меңгеру тереңірек сипат алғанда пайда болып, тез әрі ұзақ сақталады.

П

ПАРАДИГМА – Кең мағынасында парадигма деп бір-біріне қарама-қарсы қойылған, сондай-ақ сол уақытта ортақ белгілері бойынша біріктірілген немесе бірыңғай ассоциация

туғызатын лингвистикалық бірліктердің кез келген қатары түсініледі, яғни парадигмалық қатынастар арқылы байланысқан тілдік бірліктер жиынтығы. Тар мағынасында – бір сөздің барлық формаларының жүйесі.

ПРАГМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ – прагматикалық мәнді білдіру деңгейінде сөйленістің формалды ұйымдасу ережелері тұрғысындағы білімді; сөйленістің прагматикалық мәнін білдіру құралдары туралы білімді; сөйлеушінің коммуникативтік стратегиясын білдіру формалары туралы білімді қамтиды. Сөйленістің семантика-прагматикалық мәнін қалыптастыруға, яғни сөйлеушінің сол қарым-қатынас контекстінде сөйленіс арқылы ықпал етуінің деңгейі мен рөлін анықтауға қатыстын білім.

ПРАКТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілдерінің бірі. Тіл үйренушінің меңгерілетін тіл дыбыстарын, жаңа сөйлемдерді қашан дұрыс айтқанынша қайталап, тәжірибе жасауына негізделеді.

С

СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖЕЛІ – Қоршаған орта объектілері және оларға тән барлық сипаттарды меңгеруде Адам санасында жүретін танымдық үдерістер белгілі бір механизмдер бойынша жүзеге асады. Табиғат құбылыстары дегенде адам ойына *қар, жаңбыр, жел* сияқты ұғымдардың бірден (тез) келуі де білімнің қандай да бір критерий бойынша, мысалы, бір тақырып аясына топтасатын я семантикалық байланыстағы сөздер түрінде жүйелі ұйымдасуымен байланысты. Егер қоршаған орта объектілеріне байланысты білімнің ұйымдасуының қандай да бір жүйесі, өзіндік механизмі болмай, шашыраңқы (стихиялы) түрде орналасатын болса, онда қажетті ситуацияда білімнің танылу үдерісі де шапшаң түрде жүзеге аспас еді. Білімнің осы тұрғыда ұйымдасу, танылу үдерістері *семантикалық желі* тұрғысынан былай түсіндіріледі: «Қан-

дай да бір құбылыс, нәрсеге байланысты білімді елестетудегі семантикалық желі формасының қызметі – сол класс, топ мәнін, оның прототипін сипаттау және объектілердің қасиетін бейнелейтін сөздермен байланысын анықтау. Мұнда ұғымдық объектілер ассоциативті желі түрінде танылады, олар төбелер мен доғалардан тұрады. Төбелер – бұлар концептілер (мысалы, адам, жан, өмір), ал доғалар олардың арасындағы қатынастарды көрсетеді. Семантикалық желі ұғымдар арасындағы қатынастардың ассоциативтік байланысын ұйымдастырады. Ассоциативті байланыстың түйісу нүктесін түйін деп атайды. Әрбір түйін анықталған ұғымды – концепті танытушы ретінде түсініледі (Адам – тіршілік иесі, биологиялық субъект, рухани байлық иесі, әрекет етуші). Семантикалық желіні кейде концептуалды желі немесе концептуалдық тәуелділіктер желісі деп атайды. Кез келген түйін басқа бірнеше түйіндермен байланысты болады. Адам жадысында семантикалық желінің әрбір түйінімен басқа концептілер ассоциативті байланысты. Егер бір желі қозғалысқа түссе, жадыдан онымен байланысты мәліметтер мен деректер де онымен бір уақытта көтеріледі. Семантикалық желіде экстралингвистикалық біліммен бірге тілдік білім де сақталады, себебі концептуалды байланыстар лексикалық мағыналар негізінде жүзеге асады» [Л.В. Екшембеева, 2006].

СИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМА – құрылымдық тұрғыда ажыратылатын, бірақ семантикалық жағынан өзара сәйкес синтаксистік конструкциялардың қатары. Синтаксистік қатынастар типологиясы туралы білімді (объективті мәнді дәлмедәл жеткізуді қамтамасыз етеді) предикаттық, валенттілік, актант және семантикалық тіркесімділік негізіндегі қатынастар құрайды.

СӨЙЛЕУ ҚҰЗЫРЛЫҒЫ – бұл сол екінші тіл бойынша алынған тілдік білімнің, тілдің формалды құрылымының әрекет үстінде көрінуі; тұлғаның екінші тіл бойынша меңгерген тілдік білімді материалдандыруы, екінші тіл бойынша

білімінің нақты практикада жүзеге асырылуы. Сөйлеу құзырлығының тілдік құзырлықтан ерекшелігі – ол бір ғана тіл жүйесі туралы біліммен шектелмейді, сөйлеу құзырлығы тілдің терең құрылымдық семантикалық қабаттарына кететін коннотативтік, сигнификативтік, прагматикалық білімдердің және тілден тыс энциклопедиялық білімнің, қоғамдық-әлеуметтік факторлар негізіндегі білімнің, қарым-қатынастағы мәдени нормалар жөніндегі білімнің болуымен және оларды тұлғаның үйлестіре қолдана алу қабілетімен сипатталады. Яғни тілдік бірліктің контекстегі коннотативтік мәнін, сөйлеудің прагматикалық сипатын ажырату сөйлеу құзырлығын танытады. Тілдік құзырлықтың жүзеге асуы тікелей сөйлеу және коммуникативтік құзырлықтармен байланысты. Қарым-қатынас үстінде сөйленістің туу процесінде тілдік құзырлық аясында қарастырылатын грамматикалық білім сұрыптап қолданылады.

СӨЙЛЕУ ҮДЕРІСІ – тілдік коммуникативтік жағдаят барысындағы саналы әрі мақсатты түрде бағытталған тілдік әдеп-қылықтың формасы. Сөйлеушінің ниетін білдіру құралдарын таңдауы оның осы қарым-қатынас жағдаятында тыңдаушымен арақатынасына, сондай-ақ қарым-қатынас стратегиясына байланысты анықталады. Тілдік қарым-қатынастың нәтижелі болуы дұрыс жасалған таңдауға, дұрыс жүзеге асырылған стратегияға байланысты.

Т

ТЕРІС ҚАБАТТАСУ (теріс интерференция) – Бірінші тіл мен меңгерілетін екінші тілдің тілдік жүйелеріндегі айырмашылықтар теріс қабаттасуға негіз болады. Мысалы, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеруші орыс тілді тұлғаның ана тіліне тән емес, тек қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді айтуда қиналуы оның бірінші тілінің теріс ықпалы ретінде түсіндіріледі. *Әлем, күн, түн, жұлдыз, өзен, аң, ін* сөздерін дұрыс айта алмайтыны оның бірінші тіліне *ү, ұ, і, ө, ң* сияқты

дыбыстардың тән болмауына байланысты. Кейде тұлғаның бірінші тілінде бар дыбыстар да оның тарапынан дұрыс айтылмайды. Мысалы, орыс тілді тұлғаның қазақша сөйлеуінде *отан, Оспан, Орынбасар* сөздері *атан, Аспан, Арынбасар* түрінде айтылады. Бұл жағдайды дыбыстардың түрлі тілдерде, нақты айтқанда, осы екі тілде сөздің түрлі позициясында қолданылу ерекшеліктері тұрғысынан түсіндіруге болады. Яғни, орыс тілінде *о* дыбысы бар болғанымен, оның сөздің басқы позициясында айтылуы тән емес. Бірінші тілдің осы тұрғыдағы ықпалы – теріс ауысу.

ТІЛДІ ҮЙРЕНУ, ИГЕРУ, ҚОЛДАНУ, МЕҢГЕРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ – екінші тілді меңгеру теориясы бойынша екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілдерінің қатары. Ұлы Абайдың көрсетуінде естілген нәрсені ұмытпауда «әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану (үлгі алу деген мағынада) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек» [А.Құнанбаев. Шығармалар. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1968. – 184-б.]. Біздің ойымызша, естілген нәрсені ұмытпау тәсілдеріне байланысты ұлы ақын атап көрсеткен осы қағидалар екінші тілді меңгеру теориясындағы екінші тілдік білімді меңгеру, ақпаратты игеру, сақтау, қолдану тәсілі ретінде анықталатын стратегия туралы когнитивтік механизмдер мәселелерімен де ұштасып жатыр. Себебі «көкірегі байлаулы берік болмақ керек» қағидасы «тілді үйренуге эмоционалдық тұрғыдан дайындығын анықтау, абыржудан айығу», яғни тілді үйренуге байланысты сенімінің нығаюы деген түрдегі аффеक्टивтік стратегиямен орайлас келсе, «сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану (үлгі алу деген мағынада) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек» қағидасы жаңа ақпаратты қабылдаумен байланысты адам миының механизміне сәйкес елестету, салыстыру сияқты түйсіну, тітіркену тұрғысындағы когнитивтік үдерістермен ұштасып жатыр.

ТІЛДІК МОДУЛЬ – бұл «ережелер мен механизмдер жүйесі арқылы сөйленістің мәнін түсіну және ойды білдіру кезінде ақпаратты өңдеуге қатысатын тілдік білімнің менталды репрезентация жүйесін танытатын бірлік. Сөйленістің туу үдерісіне белсенді қатысатын тілдік білімдер жүйесіне сәйкес лексикалық, грамматикалық, прагматикалық модульдер ажыратылады» [Л.В. Екшембеева].

ТІЛДІК ҚҰЗЫРЛЫҚ – тұлғаның сол тіл бойынша лингвистикалық білімі әлеуеті түсініледі. Ғалымдар тарапынан тілдік құзырлық ұғымы сөйлем құруға және оны талдауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктердің анализі мен синтезі ережелерінің жиынтығын білу, коммуникация мақсатында тілдік жүйені қолдану тұрғысынан анықталады. Тілдің грамматикасы, жалпы барлық тілдік деңгейлері мен жүйесіне байланысты білім – тілдік білім. Тілдің формалды құрылымы әрекет үстінде көрінгенде, яғни тілдік қарым-қатынаста, сөйлеуде қолданысқа түскенде тап сол формалды құрылым я тілдік ережелер үдесінен көріне бермейтіні белгілі.

Ү

ҮЙРЕНУ СТРАТЕГИЯСЫ – тіл үйренуші тарапынан екінші тіл бойынша ақпаратты өңдеуде барысында жүзеге асырылатын арнаулы тәсілдер, олар жадыда ақпаратты сақтауды және түсіну мен меңгеру процесін күшейтеді деген тұрғыда анықталады. Ғалым А.А. Залевская үйрену стратегияларының бірнеше түрлерін көрсетеді: метакогнитивті, әлеуметтік-аффективтік, когнитивтік, анықтау/тұжырымдау, мониторинг, жаттау, ойлап табу я индуктивті бөліп шығару, дедуктивті пайым, практикалық стратегиялары.

Ш

ШЕТЕЛ ТІЛІ – өзге тіл ұғымымен байланысты. Егер екінші тіл өзге тілдік социумның я қоғамдық тілдік жағдайдың ықпалымен қалыптасқан өзге тіл болса, шет тілі – табиғи

қоғамдық ортасы жоқ, бірақ арнаулы оқыту барысында меңгерілген өзге тіл. Қоғамдық-әлеуметтік ортасы бар тіл болғандықтан, екінші тілді арнайы оқусыз-ақ, қарым-қатынас барысында, күнделікті таптаурын жағдайларға еліктеу т.с.с. нәтижесінде де бейсаналы меңгеруге болатын болса, шет тілін табиғи тілдік ортасы жоқ болғандықтан, оны игеруге саналы түрде күш салу арқылы тек арнайы оқу барысында ғана меңгереді.

Ф

ФРЕЙМ – екінші тілді игеру процесінде стереотипті жағдайдағы әрекет схемасы, сондай-ақ коммуникация жағдайлары мен объектілерін сипаттайтын конвенционалды білім жүйесі түсініледі. Фрейм біздің 1) дүние туралы білімімізді тұтастықта ұйымдастырады. Дағдылы әдеп, қылықтар жүзеге асатын таптаурынды ситуацияларды білдіруде ыңғайлы құрылым; 2) екінші тілді игеру процесінде дүние туралы білім мен контекст туралы білімді ұсынудың, қолданудың мейлінше тиімді формалары – осы фреймдер. Фреймдер жүйесінде ұсынылған білім негізінде сөйлеу әдеп-дағдысының бағдарламасы таңдалады. Фреймдер іс-әрекеттің қай түрі болуы мүмкін екенін, әлеуметтік контексті талдау кезінде өзара қарым-қатынасқа түсушілердің әрекетін анықтайтын конвенционалдық қағидалардың (ереже, заң, норма) не үшін қажет екенін анықтайды.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Ағманова, Е.А. Предикативность: Теория и моделирование усвоения второго языка: монография. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 120-137 б.
2. Ахметжанова, З. К. Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки. – Алматы, 2005. – С. 63-100.
3. Екшембеева, Л.В. Второй язык: теоретические основы усвоения: учебное пособие по курсу «Теория усвоения второго языка» – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 94 с.
4. Залевская, А.А., Медведева, И.Л. Психолингвистические проблемы учебного двуязычия. – Тверь, 2002. – С. 77-107.
5. Кубрякова, Е.С. Введение. Проблемы представления знаний в языке // Структуры представления знаний в языке. – М., 1994. – С. 5-31.
6. Сулейменова, Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрастивной лингвистики. – Алматы, 1996.

Анықтамалық басылым

**ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ
САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ СӨЗДІГІ
ОТРАСЛЕВОЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ
ПО НАПРАВЛЕНИЯМ ЛИНГВИСТИКИ**

Құрастырғандар:

Мәдиева Гульмира, Шәйкенова Ляззат, Мәмбетова Маншук,
Таусоғарова Аяужан, Бектемірова Сауле, Досанова Альбина,
Мәдиева Динара, Абдикадир Индира

Редакторлары *К. Мухадиева, Э. Сулейменова*
Компьютерде беттеген *Ғ. Қалиева*
Мұқабасын безендірген *Я. Горбунов*

ИБ №13139

Басуға 01.11.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 6,93 б.т. Офсетті қағаз. Саңдық басылым. Тапсырыс №7052.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.